

ttc.kz



Жылдық есеп 2023



Транстелеком –
технологияның шыңында!



2023

«Транстелеком» АҚ

**ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП**



2023

«Транстелеком» Акционерлік қоғамы

2023

МАЗМҰНЫ

003 Директорлар кеңесінің төрағасының үндеуі

004 Басқарма төрағасының үндеуі

005 2023 жылдың негізгі оқиғалары

006 1 Бүгінгі компания

- 007 — Даму тарихы
- 010 — Компанияның бейіні
- 010 — Таралу географиясы
- 011 — Ұйымдастыру құрылымы
- 011 — Миссиясы мен құндылықтары
- 012 — Бизнес-модель
- 012 — Хартиялар мен қауымдастықтарға қатысу

014 2 Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

- 015 — Компанияның цифрлық көрсеткіштері
- 015 — Қызметтің негізгі индикаторлары
- 016 — Компанияның негізгі көрсеткіштерін есептеу

017 3 Операциялық қызмет

- 018 — Компанияның көрсететін қызметтері
- 019 — Аутсорсинг қызметін көрсету
- 020 — Бөлшек бизнесті дамыту (B2C сегменті)
- 021 — Корпоративтік және мемлекеттік секторлардағы бизнесті дамыту (B2BG сегменті)
- 022 — Операторлық бизнесті дамыту (B2O сегменті)
- 023 — Темір жол саласындағы бизнесті дамыту (B2KTZ сегменті)
- 027 — Стратегиялық жобаларды дамыту
- 028 — Аймақтық бизнесті дамыту (B2R сегменті)

030 4 Тұрақты даму

- 032 — Кадрлық саясат
- 032 — Қызметкерлерді дамыту
- 033 — Қызметкерлер құрамы
- 034 — Қызметкерлерді оқыту
- 035 — Әлеуметтік саясат
- 036 — Спорт және денсаулық
- 036 — ҚР ЖОО-мен өзара іс-қимыл
- 037 — Жұмыскерлерді марапаттау және көтермелеу
- 038 — Қоршаған ортаны қорғау
- 038 — Экологиялық бастамалар және қоршаған ортаны қорғау тәсілі
- 039 — Атмосфераға шығарындылар және климаттың өзгеруі
- 039 — Сатып алуды ұйымдастыру

040 5 Корпоративтік басқару

- 041 — Корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат
- 041 — Корпоративтік басқарудың негізгі принциптері
- 041 — Корпоративтік басқару құрылымы
- 042 — Акционерлік капитал құрылымы және бағалы қағаздар
- 042 — Қосымша төленген капитал
- 042 — Ірі мәмілелер
- 042 — Акционерлердің жалпы жиналысы
- 043 — Директорлар кеңесі
- 043 — Директорлар кеңесінің қызметі
- 043 — Директорлар кеңесінің құрамы 2023 жылғы 31 желтоқсанға
- 043 — Директорлар кеңесінің сыйақысы
- 044 — Құндылықтар және этикалық принциптер
- 044 — Мүдделер қақтығысы
- 045 — Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- 046 — Террористік қатерлерге қарсы тұру
- 046 — Тәуекелдерді басқару
- 046 — 2023 жылы тәуекелдерді басқару
- 048 — Негізгі тәуекелдер
- 049 — Тәуекелдерді басқару жүйелерінің үздік тәжірибелері мен стандарттарын одан әрі енгізу
- 050 — Ішкі аудит қызметі
- 050 — Сапа менеджменті
- 050 — Біріктірілген басқару жүйесі
- 051 — Біріктірілген менеджмент жүйесінің ішкі аудиті

052 6 Қосымшалар

- 053 — 1-қосымша. Есеп туралы
- 056 — 2-қосымша. GRI стандарт элементтерінің кестесі
- 059 — 3-қосымша. Қаржылық есептілік
- 065 — Глоссарий
- 065 — Байланыс ақпараты

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті акционерлер, инвесторлар, серіктестер және клиенттер!



БҰЛ ЖЫЛ БІЗ ҮШІН ТЕЛЕБАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫНДАҒЫ КОМПАНИЯМЫЗДЫ ТҰРАҚТАНДЫРАТЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУМЕН ҚАТАР, ӨЗ БАҒДАРЫМЫЗДЫ НЫҒАЙТУ КЕЗЕҢІ БОЛДЫ.

S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Транстелеком» АҚ-ның кредиттік рейтингін «В» деңгейінде растады, болжамды «негативтіден» «тұрақтыға» дейін арттырып, сондай-ақ ұлттық шкала бойынша рейтингімізді жоғарылатты.

Бұл жетістік біздің халықаралық мүмкіндіктеріміздің кеңеюіне байланысты болды. Біз Қазақстан шекарасындағы Қытай байланыс операторларымен желіаралық түйіспелерде сыйымдылықты арттыру бойынша стратегиялық меморандумдарға сәтті қол қойдық, бұл өңірдегі өз позициямызды нығайтуға мүмкіндік береді.

Өзбекстан нарығындағы жұмысымыз жалғасуда, онда Алматы мен Ташкент арасындағы транзиттік өткізу қабілетін арттыру мақсатында British Telecom компаниясымен

бірлескен жоба басталды. Бұл қадам әлемнің жетекші операторларымен серіктестігімізді нығайтып қана қоймай, сондай-ақ өңірде сенімді байланыс қызметтерін ұсыну мүмкіндігімізді кеңейтеді.

«МТС» ЖАҚ-пен бірлесе отырып, біз Қазақстан мен Ресей шекарасында жаңа желіаралық түйіспені сәтті жүзеге асырдық, бұл бізге жаңа инновациялық қызметтерді ұсынуға және нарықтағы қатысуымызды айтарлықтай нығайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның халықаралық нарықтағы мүмкіндіктерін кеңейту – салалық миссиямыздың бір бөлігі, ол қазақстандықтарды цифрлық өркендеуге жеткізуге бағытталған.

Сонымен қатар, біз заманауи ақпараттық желіні құру және өткізу қабілетін арттыру үшін жаңа технологияларды енгізу бойынша жұмыс істедік.

Технологиялық және цифрлық бастамалар аясында біз Big Data технологияларын, жасанды интеллектті және процестерді автоматтандыруды жүзеге асырып келеміз.

Экологиялық бастамалар да біздің басымдықтарымыздың қатарында. Біз зиянды заттар шығарындыларын бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін әзірледік, бұл бизнестің экологиялық тұрақты дамуына ықпал етеді.

Директорлар кеңесінің атынан мен Қоғамның барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ серіктестеріміз бен клиенттерімізге олардың тұрақты қолдауы мен сенімі үшін алғыс айтамын. Біз жаңа сын-қатерлерге дайынбыз және бірлескен күш-жігерімізбен әрі қарай дами беретінімізге сенімдіміз.



Әлиев

Нұрәлі

Рахатұлы

«Транстелеком» АҚ
Директорлар
кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті акционерлер,
серіктестер мен әріптестер!



КОМПАНИЯ АТЫНАН СІЗДЕРДІҢ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛІ САЛАЛАРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ СӘТТЕРІН КӨРСЕТЕТІН 2023 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТІ ҰСЫНАМЫН.

2023 жыл компания үшін қиын жыл болды. Біз IT қызметтердің әлемдік нарығының тұрақсыздығын сезінуді жалғастыра отырып, бірқатар оңтайландыру процестерінен өттік. Осыған қарамастан, «Транстелеком» АҚ серіктестер, клиенттер және қызметкерлер алдындағы өз міндеттемелерін табысты орындауды жалғастырды.

Компания 2023 жылды керемет нәтижелермен жапты.

Компанияның кредиттер мен облигациялар бойынша борыштық жүктемесі айтарлықтай төмендеді.

Біз 10,8 миллиард теңге көлемінде рекордтық таза пайдаға қол жеткіздік, бұл соңғы 4 жылдағы ең үздік көрсеткіш.

Мәселен, «Транстелеком» АҚ Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау және «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде Астана қаласында 200 АТ-тіректен тұратын деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) құрылысын сәтті аяқтады. Бұл ДӨО мемлекеттік электрон-

дық сервистер үшін IT-ресурстардың тұрақты, ақаусыз және қорғалған жұмысын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ «Транстелеком» АҚ командасы ERG Еуразиялық тобының 9 өнеркәсіптік кәсіпорны үшін зиянды заттар шығарындыларын мониторингілеудің автоматтандырылған жүйелері бойынша жобаларды белсенді дамытуда. Бұл деректерді эмиссиялар мониторингінің бірыңғай ақпараттық жүйесіне беруге, ластаушы заттардың шығарындыларын нақты уақыт режимінде бақылауға және азаматтарды атмосфералық ауаның жай-күйі мен сапасы туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

2023 жылы клиенттерге есептеу ресурстарына жедел қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірегей Public Cloud TTC веб-платформасы сәтті іске қосылды.

Fibo Cloud Ltd компаниясымен серіктестікте әзірленген бұл өнім қызметтердің икемділігін қамтамасыз ететін дәстүрлі жалға беру әдістеріне тиімді балама болды.

Яндекспен екі жылдан астам келіссөздерден кейін Co-location қызметтеріне ұзақ мерзімді шарт жасалды. Яндекс серверлік және желілік жабдықтарына қызмет көрсету үшін Smart Hands қызметіне ерекше назар аударылады.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Түркістан облысының әкімдігімен 54 аппараттық-бағдарламалық кешенді орнату жобасы жүзеге асырылды, олар Түркістан облысының жолдарында орналасқан.

Білім беру саласында біз «FoodCard», «E-HUB» және «Жайлы мектептер» инновациялық сервистерін енгіздік, бұл білім беру ортасы мен оқушылар үшін жайлылықты жақсартуға ықпал етеді.

Біздің экологиялық стратегиямыздағы маңызды қадам «Көкшетау» МҰТП үшін «Орман өрттерін ерте анықтау жүйесі» аппараттық-бағдарламалық кешенін құру болды, бұл біздің қоршаған орта алдындағы жауапкершілігімізді және табиғи ресурстарды сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

Біздің зәкірлік серіктесіміз, «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін біз корпоративтік құрылымның барлық элементтері мен осы саладағы процестер арасындағы өзара іс-қимылды жақсартатын жеделхаттарды электронды форматта жіберуді және алуды кешенді басқару үшін E-Telegram жобасын іске асырдық.

Бәсекелестік ортада «Транстелеком» АҚ-ның ОФД қызметі дамып келеді, ол ОФД қызметтерінің 40%-дан астамын қамтиды. Ел бойынша БКМ жалпы саны 1 млн бірліктен асады.

B2C сегментінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша біз түсімнің 34%-ға өсуіне қол жеткіздік, ал абоненттік база 2022 жылмен салыстырғанда 18%-ға өсті және 115 мыңнан астам абонентті құрайды.

Соңғы, бірақ маңызды жетістік – The Talentist жұмыс берушінің брендин қабылдауды зерттеу қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ телекоммуникациялық қызметтер сегментінде бірінші орынды иеленді. Бұл біздің кәсіпқойлығымыздың және қызметкерлермен жұмыс істеу тәсілдеріміздің жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Қол жеткізілген нәтижелер мен жинақталған тәжірибе бізге жаңа жобаларды іске асыру және нарықтағы позицияны нығайту арқылы алға жылжуға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Акционерлерге, серіктестерге және қызметкерлерге сенімдері мен қолдаулары үшін алғыс айтамын



Әбділдин

Сүйеніш

Тулеуханұлы

«Транстелеком» АҚ
Басқарма
төрағасы

2023 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының барлық бөлімшелерінің қызметін бірыңғай интеграциялық кеңістікте, корпоративтік құрылымның барлық элементтері мен осы салада жүргізіліп жатқан процестер арасындағы өзара байланыста жүзеге асыру үшін E-Telegram жобасы іске асырылды.

ҚХР байланыс операторларымен Қазақстан/Қытай шекарасындағы желіаралық түйіспелерде сыйымдылықты (жаңартуды) 1,5 Тб дейін арттыру және Қорғас кенті ауданында қосымша түйіспелерді ұйымдастыру бойынша стратегиялық меморандумдарға қол қойылды.

Қазақстан Республикасының білім беру саласында «FoodCard», «E-HUB» және «Жайлы мектептер» сияқты қызметтер көрсету бойынша жобалар іске асырылды.

IT-компанияларға TTC бұлттық инфрақұрылымының ресурстарын өз бетінше пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа Public Cloud бизнес бұлтты платформасы іске қосылды.

Сервистік модель арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін 6 жаңа мобильді диагностикалық кешенді енгізу және магистральдық темір жолдарды диагностикалау бойынша қызметтер көрсету жолымен «Магистраль» АБЖ Жобасын табысты іске асыруды жалғастыру.

Өзбекстан нарығында Алматы – Ташкент бағыты бойынша үш арнаны қосу бойынша British Telecom компаниясымен жобаны іске асыру басталды, сондай-ақ транзиттік сыйымдылықты жаңарту жоспарлануда.

«Көкшетау» МҰТП үшін «Орман өрттерін ерте анықтау жүйесі» аппараттық-бағдарламалық кешені ұйымдастырылды.

Яндекспен екі жылдан астам келіссөздер Co-location қызметтеріне ұзақ мерзімді шарт жасасуға әкелді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ желісіндегі жылжымалы құрамның бейне-аналитикасының автоматтандырылған жүйесі» пилоттық жобасы басталды.

«МТС» ЖАҚ-пен бірлесіп Қазақстан/Ресей шекарасында жаңа түйіспе ұйымдастырылды, бұл жаңа бірлескен кейстерді іске асыруға, сондай-ақ желіаралық шарт жасасуға мүмкіндік берді.

OTT TV бөлігінде: Android, iOS және Smart TV базасындағы смартфондарға арналған TTC TV мобильді қолданбасы жаңартылды, арналар желісі 149-дан 188-ге дейін кеңейтілді, сонымен қатар Premier онлайн-кинотеатры қосылды.

Мемлекеттік электрондық сервистерді орналастыру үшін Астана қаласында 200 АТ-бағаннан тұратын Деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) құрылысы сәтті аяқталды, оның негізгі міндеті – мемлекеттік электрондық сервистер үшін IT-ресурстардың тұрақты, ақаусыз және қорғалған жұмысын қамтамасыз ету.

«Кселл» АҚ тапсырыс берушісі үшін радио қол жеткізу желісін кеңейту және жаңғырту жобасы іске асырылды.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Түркістан облысының әкімдігімен 54 аппараттық-бағдарламалық кешенді орнату жобасы жүзеге асырылды, олар Түркістан облысының жолдарында орналасқан.

Тәуелсіз зерттеу компаниясы жүргізген The Talentist жұмыс берушінің брендині қабылдауды зерттеу қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ телекоммуникациялық қызметтер сегментінде бірінші орынды иеленді.

Жылдық есеп 2023

БҮГІНГІ КОМПАНИЯ



«Транстелеком» Акционерлік қоғамы –
Қазақстан Республикасының ірі байланыс
операторларының бірі

- 006 Даму тарихы
- 009 Компанияның бейіні
- 009 Таралу географиясы
- 010 Ұйымдастыру құрылымы
- 010 Миссиясы мен құндылықтары
- 011 Бизнес-модель
- 011 Хартиялар мен қауымдастықтарға қатысу

14

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ КЕҢ ЖЕЛІСІ –
РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША
14 ФИЛИАЛ

1999

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ
БАСТАПҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
КҮНІ БЕЛГІЛЕНДІ

Даму тарихы

1998

- «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Дабыл беру және байланыс шаруашылығын басқару жүйесін оңтайландыру туралы» бұйрығының негізінде «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

1999

- «Мемлекеттің 100 % қатысуы арқылы «Қазақстан темір жолы» РМК-ны қайта ұйымдастыру және оның құрамынан «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамын бөлу шаралары туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы шығарылды.
- «Транстелеком» ААҚ алғашқы мемлекеттік тіркелген күні.

2003

- Автоматтандырылған биллинг жүйесін және техникалық есепке алу жүйесін енгізу.
- Жерсеріктік байланыс желісі құрылды.

- Деректер беру желісінің тораптарын орнату және енгізу және клиенттерге интернет желісіне қосылуды қоса алғанда, жаңа қызметтердің кең шоғырын ұсыну басталды.
- Алматы станциясында цифрлық автоматты телефон станциясын іске қосу.
- Байланыс операторы ретінде «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының желісіне қосылуға орталықтандырылған шартқа қол қойылды.

2004

- «Транстелеком» ААҚ атауы «Транстелеком» АҚ болып өзгертілді.
- 30-дан астам жаңа цифрлық АТС орнатылды.

2005

- Алматы – Астана учаскесінде ұзындығы 1 340 шақырым болатын ТОВЖ құрылысы аяқталды.
- Байланыс желілерін басқару орталығын ашу және ТОВЖ мониторин-

гілеу мен әкімшілендірудің бірыңғай жүйесін іске қосу.

- ХСҰ 9001-2000 халықаралық сапа менеджменті стандарттарына сәйкестік сертификаты алынды.

2006

- «Транстелеком» АҚ Германияның Ганновер қаласында өткен СЕБИТ халықаралық телекоммуникациялық көрмесіне қатысты.

- «Транстелеком» АҚ Халықаралық қордың «Іскерлік тәжірибедегі жоғары сапасы үшін» алтын медалімен марапатталды.

- Алматы қаласында АПСК 120/120 және АТ-ТҚ-ДБ 72/64 жұмыс істеп тұрған 2 телеграф станциясы «Вектор-2000» бірінші цифрлық телеграфтық коммутациялық серверіне ауыстырылды.

2007

- «АҒЫН» автоматтандырылған есептеу жүйесі енгізілді.

2008

- Астана (2 дана), Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Екібастұз қалалары бойынша телеграф станцияларын 6 жұмыс істеп тұрған АТ-ТҚ-ДБ телеграф станциясын бір цифрлық «Вектор-2000» телеграфтық коммутациялық серверіне ауыстыру арқылы жаңғырту басталды.

- Бастапқы магистральдық желі мен ТОВЖ учаскелерінің қызметін үйлестіру үшін «Бастапқы магистральдық желі» орталығы құрылды.

- «Транстелеком» АҚ тарихында алғаш рет «Orange» үшін сыйымдылығы 45 Мбит Астана – Лондон арнасы ұйымдастырылып, пайдалануға берілді.

- Алматы – Астана учаскесінде ҚТЖ жедел-технологиялық байланысы SDH желісі салынды (жабдықтар, бағдарламалық жасақтама конфигурациясы және тестілеу жүргізілді).

- Алматы, Шу, Көкшетау, Қарағанды, Астана қалаларында магистральдық желінің аумақтық учаскелері құрылды.

- Мәскеу қаласында «Транстелеком» АҚ ресурстарын ұтымды пайдалану

үшін, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерлерде клиенттерге сервис ұсыну бойынша жедел жұмыс жүргізу үшін сыйымдылығы STM1 M9 виртуалды POP торабы ұйымдастырылды.

- Астана – Петропавл – Атырау STM1 деңгейіндегі арнаны тестілеу аяқталды, бұл Атырау филиалының телефония желілерін Алматы, Қарағанды, Астана, Көкшетау қалаларының филиалдарымен біріктіруге, сондай-ақ Атырау қаласындағы клиенттер үшін арналарды жалға беру қызметтерін ұсынуға мүмкіндік береді.

- Екі VC3 Гонконг – Алматы – Мәскеу, «British Telecom» компаниясы үшін тестілеу өткізілді. Қазақстанның басқа қалаларында «Транстелеком» АҚ көлік желісі бойынша «British Telecom» жобалары іске асырылуда.

2009

- Alcatel-Lucent-пен ірі магистральдық көлік желісін жеткізу және құрастыру шартына қол қойылды. Жобаны Еуропалық қайта құру және даму банкі қаржыландырды.

- Бір жыл бұрын пайдалануға берілген 128 спутниктік байланыс жүйесі «РФБ-жРЭҚЭМУМО» АҚ-та электромагниттік үйлесімділікті тексеруден өтті және ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінде тіркеліп, кейіннен радиожілік спектріне рұқсат алынды.

2010

- Астана – Алматы – Астана жол қатынасындағы «Тұлпар-1» және «Тұлпар-2» фирмалық пойыздары үшін деректерді беру қызметі коммерциялық пайдалануға енгізілді («Транстелеком» АҚ 01.06.2010 ж. № 174-Б бұйрығы).

- Көпшілік пайдаланатын телекоммуникация желісіне Алматы елді мекенінің транзиттік телефон трафин және халықаралық бағыттар мен ұялы операторлар желісі бойынша трафикті өткізуді ұйымдастыру үшін «KazTransNet» ЖШС және «Space.KZ» ЖШС операторының желісін «Транстелеком» АҚ желісіне қосу.

- Мемлекеттік комиссияның қаулысымен ОБ-39 HUB орталық басқару станциясы пайдалануға қабылданды.

- Астана қаласындағы «Транстелеком» АҚ Басқарушы станциясына (ОБ-39) «Жоғары жылдамдықты жолаушылар қозғалысы» жерүсті спутниктік деректер мен дауысты жеткізу желісі ауыстырылды.

- «Қазақстан темір жолы «ҰК» АҚ шешімі негізінде БКБ ұйымдастыру үшін №3 медициналық пойызда деректерді және дауысты жеткізудің спутниктік терминалы орнатылды.

2011

- Жобалау және дамыту басқармасы «Транстелеком» АҚ Жаңа Есіл елді мекенінде КПТЖ-ға қосу жұмыстарын жүргізді.

- Байланыс арналарын ұйымдастыру және «ҚТЖ «ҰК» АҚ бөлімшелерін магистральдық желіге қосу үшін ұзындығы 3,9 мың шақырым магистральдық кабельден талшықтар тармақталды. Ол кезде ТОБЖ жалпы ұзындығы 6,6 мың шақырымды құрады.

2012

- Ақтөбе – Қандыағаш учаскесінде ұзындығы 96 шақырым ТОБЖ құрылысының бірінші кезеңі іске асырылды.

- ТОБЖ трассасының бойында орналасқан мониторингті басқару жүйесі (кабельдік желі) іске қосылды.

2013

- «Астана – Щучинск ақылы жолы» жобасы бойынша арна ұйымдастырылып, компания үшін ақылы жолдарға арналған коммутатор мен бағдарлауыштардың жабдықтарын баптау жүргізілді.

- «ЭнергияЖөндеуСервис», «Мониторингке арналған сервис» (Vlan) – «Қазсатнет» және «Астел» компанияларымен бірлесіп және «Астел», «Ақы алуға арналған сервис» – «Қазтелепорт» компаниясымен бірлесіп.

2014

- 20 темір жол станциясында SkyEdge-1 жаңа жерсеріктік байланыс станцияларын орнату жұмыстары ұйымдастырылды.

- Жыл қорытындысы бойынша «Энергиядиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесінің стратегиялық жобасы аясында жылумен тасығыштардың 856 секциясы және электрлі тасығыштардың 983 секциясы ЭДТ АБЖ бағдарламалық-аппараттық кешенімен жарақтандырылып, өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

- ТОБЖ ұзындығы 8 139 шақырымды құрайды.

- «Саламатты Қазақстан», «Жәрдем» және «Денсаулық» медициналық пойыздары үшін телефония, интернет желісі және бейнеконференция байланысы қызметтерін ұсыну жұмыстары ұйымдастырылды.

2015

- «Транстелеком» АҚ-ты жекешелендірудің басталуы.

- «Кайдзен/Үнемді өндіріс» өндірісін жақсарту және басқару процесін өрістетту.

- ҚР Үкіметінің «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» №1141 қаулысына сәйкес «Транстелеком» АҚ 26% алу 1 акция басымдық тәртібімен бәсекелі ортаға берілуге тиіс активтер тізбесіне енгізілді.

- Парижде «Транстелеком» АҚ елдің бүкіл аумағын қамтитын оптикалық желіде және Қытай мен Батыс Еуропа арасындағы ірі желінің бір бөлігі болып табылатын Қытаймен шекарада «Ekipors» компаниясының 100G DWDM оптикалық көлік жабдығын ұйымдастырды.

- «Транстелеком» АҚ-тың Қазақстан автоматтандыру және робот техникасы қауымдастығына кіруі.

- ЭДТ АБЖ жобасы аясында локомотивтерді ЭДТ АБЖ бағдарламалық-аппараттық кешенімен жарақтандыру аяқталды; жоба басталғаннан бері барлығы 1 240 жылумен тасығыш секциясы және 1 043 электрлі тасығыш секциясы жарақтандырылды.

- ТОБЖ ұзындығы 10 954,2 шақырымды құрайды.

- «Магистраль» автоматтандырылған басқару жүйесі бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстарды аяқтау. ҚР темір жол магистраліне жұмыстарды көбейтудің басталуы.

2016

- Трансформацияның Жол картасы аясында «Транстелеком» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы үшін IT-шешімдерді, автоматтандыру және телекоммуникациялар жөніндегі шешімдерді енгізу бойынша бірыңғай интегратор болып айқындалды.

- «Транстелеком» АҚ Куәландыру орталығын аккредиттеу және жұмысқа енгізу.

- Ресей мен ТМД-дағы телекоммуникациялық көлік желілері нарығын дамытуға арналған жыл сайынғы ірі іс-шараға – «Transport Networks Russia 2016» VII халықаралық конференциясына қатысу.

- Рио-де-Жанейрода өткен Жазғы Олимпиада ойындарына 12 лицензия ойнатылған Астанадағы әйелдер арасындағы әйелдер боксы бойынша әлем чемпионатын ресми демеушілік.

- «Транстелеком» АҚ акциялар пакетінің 49%-ын сатып алу-сату шартының күшіне енуі.

- «Ұлттық бизнес-рейтинг» одағының хабарлауы бойынша «Транстелеком» АҚ-қа «Сала көшбасшысы» мәртебесі берілді.

- ОҚО-да уран өндіруші кәсіпорында «Цифрлық кеніш» ақпараттық жүйесі пайдалану үшін іске қосылды.

- «Транстелеком» АҚ тарихында 1-ші Жазғы Спартакиада Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы стадионда 16 спорт командасына есігін айқара ашты.

- China Telecom Global Limited және «Транстелеком» АҚ арасындағы екіжақты кездесу аясында «250 адамнан астам халқы бар ауылдық елді мекендерді интернетке кеңжолақты қосылу мүмкіндігімен (бұдан әрі – КҚМ) қамтамасыз ету» жобасын іске

- асыру бойынша Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

- «Транстелеком» АҚ «ASTEX-2016» ірі халықаралық көрме-конференциясының бас серіктесі болды.

- ТОБЖ ұзындығы 15 000 шақырымнан асады.

2017

- 26% алу 1 акция ашық екі кезеңді сату конкурсының қорытындысы шығарылып, жеңімпаз анықталды.

- «Транстелеком» АҚ-тың 2026 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді.

- «SOC» – Security Operation Center киберқауіпсіздікті жүзеге асыру қызметі іске қосылды.

- «Транстелеком» АҚ жаңа ұйымдық құрылымы күшіне енді.

- «Транстелеком» АҚ «АСТАНА ЭКС-ПО-2017» халықаралық көрмесінің серіктесі болды.

2018

- 191 бірыңғай қоңырау шалу нөмірі бар «Транстелеком» АҚ байланыс орталығы ашылды.

- Ребрендинг аясында тауар белгісін «Транстелекомнан» «ТТС»-ге ауыстыру.
- «Транстелеком» АҚ бокста Головкин – Мартиросян жекпе-жегі бойынша жарнамалық серіктес болды.
- «Транстелеком» АҚ дарынды жастарды іздеуде АТ/Телко мамандықтарының бакалавриат түлектері арасында олимпиада өткізді.
- Vostok блокчейн-платформасының «Транстелеком» АҚ базасында интеграциялану бойынша Waves Platform-мен әріптестік туралы келісім.
- «Изумрудный квартал» БО ғимаратының жанында Астана қаласындағы екі жаңа модульдік Деректерді өңдеу орталығы өнеркәсіптік пайдалануға берілді.
- «Транстелеком» АҚ алғашқы жинақтау провайдер ретінде Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік желісіне жеке жинақтап қосуды жүргізді.
- Шілде айында басталған SAP ҚТЖ виртуалды инфрақұрылымының «Транстелеком» АҚ ескі жинақтаушынан жаңасына сәтті ұзақмерзімді көшірілуі аяқталды.
- «Транстелеком» АҚ Қазақстан ауылдарын кең жолақты интернетпен

қамтамасыз ету бойынша Қазақстандағы ең ірі бірлескен МЖӨ жобасына шарт жасасты.

2019

- «Smart Almaty» тұжырымдамасын іске асыру аясында Алматы қаласының метро станцияларында тегін Wi-Fi орындары іске қосылды.
- ФДО қызметі іске қосылды, «Транстелеком» АҚ Қазақстандағы фискалдық деректер операторы болып айқындалды.
- Қытайдан Ресей мен Еуропаға күші 500 Гбит/с басталатын жаңа транзиттік дәліз іске қосылды.
- Қазақстанда «Сбербанктің» еншілес компаниясы BI.ZONE-мен бірлесіп киберқауіпсіздік бойынша қызмет көрсету үшін бірыңғай платформа құрылды.
- «Жақсартуға тарту. Транстелекомша ойын түрінде енгізу» жобасымен «WOW! HR» халықаралық бизнес-сыйлықақысын «LEVEL up» аталымы бойынша жеңіп алу.
- «TTC Digital HR» жобасымен «HR-бренд Орталық Азия 2019» жыл сайынғы сыйлықақысын «Қазақстан» аталымы бойынша жеңіп алу.

2020

- Ауылдық елді мекендерді интернетпен қамтамасыз ету жоспары іске асырылды, жоба Қазақстанның 9 облысын қамтыды.
- 429 елді мекенді интернет желісіне КҚМ-ге қосу бойынша «ҚР ауылдық елді мекендерін ТОВЖ технологиясы бойынша КҚМ-мен қамтамасыз ету» жобасы аяқталды.
- Қарағанды, Қызылорда, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Орал және Жезқазған қалаларында клиент үшін ақпараттық ресурстар инфрақұрылымы бар 7 ДӨО құрылысы бойынша жоба іске асырылды.
- «Транстелеком» АҚ сегменттерінің функционалдық стратегиялары бекітілді.
- Жаңа ұйымдық құрылым енгізілді.

2021

- «Unit Telecom» ЖШС «Транстелеком» АҚ-тың 75 % акциялар пакетінің (алу бір акция) ресми иесі болып танылды.
- Алматыда 9 метро станциясында «Цифрлық Қазақстан» жобасының аясында тегін Wi-Fi орындары іске қосылды.

- «Транстелеком» Transcaspian Fiber Optic (TCFO) жобасы аясында Өзбекстан мен Қырғызстандағы операторлармен Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.
- «Транстелеком» АҚ және Türk Telekom International TransCaspian Fiber Optic (TCFO) жобасы аясында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Тараптар күш-жігерін біріктіріп, телекоммуникация дәлізін дамытуды жоспарлап отыр.
- «Транстелеком» АҚ «Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағы» ЗТБ-ге кірді.

2022

- ТТС серіктес жоғары оқу орындарының тізімін ұзартып, 20 оқу орнымен меморандумдарға қол қойды, олардың арасында С. Демирел атындағы университет, Astana IT University, «Тұран – Астана», Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті бар.
- Plug and Play, «Транстелеком» АҚ және Astana Hub қазақстандық стартаптардан өтінімде қабылдау басталғанын хабарлады. 5G-жобаларға және жинақтау шешімдеріне, киберқауіпсіздікке, блокчейн технологияларына, Web3-ке, жасанды интеллектіге және

бизнес-процестерді автоматтандыруға басымдық берілді.

- ТТС және Astana IT University Қазақстанда ұялы байланыс желілерінің ашық стандарттарын әзірлейтін зертхана ашуға келісті. Тараптар Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.
- ТТС жаңа ТТС TV қосымшасын іске қосты. Абоненттер сүйікті хабарларын кез келген уақытта және кез келген жерде көре алады.
- «Транстелеком» АҚ жобалау тобының қызметкерлері Uptime Institute Tier Standart стандартына сәйкес деректерді өңдеу орталықтарының операциялары бойынша аккредиттелген бағдарлама бойынша халықаралық сертификат алды.
- «Транстелеком» АҚ Алматыда өткен Profit Cloud Day конференциясына қатысты. Іс-шара жинақтау технологияларына, деректерді өңдеу орталықтарына және Қазақстандағы үлкен деректерге арналды.
- «Транстелеком» АҚ Design Documents жобалық сараптамасының толық циклінен сәтті өтіп, Tier III Design Documents сертификатын алды. Ол ақпарат орталықтарының инфрақұрылымы халықаралық талаптарға толық сәйкес келетінін растайды.

- Астана қ. Вектор-2000 телеграфтық коммутациялық сервері Алматы қ. және Ақтөбе қ. «Вектор-ВТ» БТК телеграф шлюздерін орнату арқылы жаңғыртылды.
- Өткізу қабілеті кемінде 100 Гбит/с көлемін қамтамасыз ете отырып, CGNAT желілік функциясын виртуалдандыру жобасы іске асырылды.
- «Транстелеком» АҚ барлық қызметтерінің «Ағын» АЕЖ-мен биллингінің «Форвард» АЕЖ-ге ауысуы.

Компанияның бейіні

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ – ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАРҒА, ЦИФРАНДЫРУҒА ЖӘНЕ IT, БАЙЛАНЫС, АВТОМАТИКА ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ИНТЕГРАЦИЯҒА МАМАНДАНАТЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІРІ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ.

«Транстелеком» АҚ-тың қайта тіркеуге дейін «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамы деген атауы болған, бұрын «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорны болған, «Сигнал беру және байланыс шаруашылығын басқару жүйесін оңтайландыру туралы» «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 1998 жылғы 16 маусымдағы № 426–О бұйрығына сәйкес құрылған, кейіннен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 тамыздағы № 1101 қаулысы негізінде «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі № 135 бұйрығымен «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылды.

«Транстелеком» АҚ – «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының барлық құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры. «Транстелеком» АҚ – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленіп,

жүзеге асыра алады, міндеттерді атқара алады, сотта талап қоюшы және жауапкер бола алады. «Транстелеком» АҚ қызметі «Транстелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2020 жылғы 20 қаңтардағы шешімімен (№ 13 хаттама) бекітілген Жарғының аясында жүзеге асырылады, Жарғыда оның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздері айқындалған.

«Транстелеком» АҚ қызметінің негізгі мақсаттары:

- коммерциялық қызметтен пайда табу және оны акционерлердің мүддесін көздей отырып пайдалану;
- Қазақстан Республикасының аумағында заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық желілерді құру және оларды IT-технологиялардың әлемдік желісіне интеграциялау;
- Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде тұтынушыларға озық технологиялардың сан алуан түрлерін ұсыну.

Компанияның бірінші кезектегі міндеті желілерді дамыту және жаңғырту арқылы Қазақстан аумағында көрсетілетін қызметтер мен байланыс сапасын арттыру болып қала береді.

«Транстелеком» АҚ қызметін Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде жүзеге асырады және телекоммуникациялық және ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің, оның ішінде халықаралық, қалааралық, жергілікті телефония қызметтерінің кең шоғырын және интернет желісіне, сондай-ақ магистральдық байланыс арналарына қосылу мүмкіндігін ұсынуға маманданады.

«Транстелеком» АҚ транзиттік әлеуетті дамытуға және Қазақстан арқылы транзиттік телекоммуникациялық ағынды арттыруға тырысады, өйткені ол Ресей Федерациясының, Қытай Халық Республикасының, Қырғыз Республикасының, Өзбекстан Республикасының және Түрікмен Республикасының халықаралық операторларымен (іске асыру сатысында) байланысты қамтамасыз ете отырып, магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілеріне ие.

«Транстелеком» АҚ бүкіл ел бойынша 14 филиалдан тұратын сервис желісіне, 9 ақпарат орталығынан тұратын өз желісіне ие.

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН МЕКЕНЖАЙЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, Z05H9A7, АСТАНА ҚАЛАСЫ, ЕСІЛ АУДАНЫ, ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ КӨШЕСІ, 10.

14

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ БҮКІЛ ЕЛ БОЙЫНША 14 ФИЛИАЛДАН ТҰРАТЫН СЕРВИС ЖЕЛІСІНЕ

Таралу географиясы

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ – ҚР ІРІ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ. «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ТЫҢ БҮКІЛ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ТАРМАҚТАЛҒАН ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІСІ (14 ФИЛИАЛЫ) БАР.



Ұйымдастыру құрылымы

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ТЫҢ АЛДЫҒЫ КЕЗЕҢДЕРДЕГІ СИЯҚТЫ 2023 ЖЫЛҒЫ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ АДИЗЕС ИНСТИТУТЫНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ ӘДІСНАМАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ОРТАНЫҢ, ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ТЕЗ ЖАУАП БЕРЕ АЛАТЫНДАЙ ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БІРЕГЕЙ ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ ЖИНАҚТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұйымдастыру құрылымы

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Орталық аппарат

Алматытранстелеком

Ақтаутранстелеком

Ақтөбетранстелеком

Астанатранстелеком

Атыраутранстелеком

Жамбылтранстелеком

Қарағандытранстелеком

Көкшетаутранстелеком

Қостанайтранстелеком

Қызылордатранстелеком

Өскементранстелеком

Павлодартранстелеком

Семейтранстелеком

Шымкенттранстелеком

Миссиясы мен құндылықтары

Миссия

Компанияның бірегей қабілеттеріне сүйене отырып, қазақстандықтардың цифрлық әлауқатын арттыру.

Болашақтағы көрініс

«Транстелеком» АҚ болашақтағы көрінісі – жеке және мемлекеттік секторларда ірі кешенді жобаларды іске асыратын және жеке тұлғалар мен ұйымдарға қызметтердің кең шоғырын көрсететін әртараптандырылған АКТ қызметтерінің кең шоғырының операторы.

Мұндай пайымның негізгі фактілері:

- Нарықтың барлық сегментінде қызмет көрсету.
- Қызмет көрсету мен жобаларды іске асыруды үйлестіру.
- Дәстүрлі байланыс қызметтерін де, АТ және жинақтау қызметтерін де біріктіретін қызметтердің үлкен қоржынының болуы.

Құндылықтар

Құрмет.

Біз бір-бірімізді құрметтейміз.

Клиенттерді, серіктестерді, бәсекелестерді тең деп қабылдау, олардың өз құндылықтары мен мақсаттарының болуын қабылдай білу, оларды тыңдай және ести білу, ортақ тіл табу және егер «Транстелеком» АҚ құндылықтарына қайшы келмесе, өзара тиімді қарым-қатынас құру.

Жетілу.

Біз үнемі жетіліп отырамыз.

«Транстелеком» АҚ көрсетілетін қызметтің сапасын және клиенттер үшін оларды пайдаланудың ыңғайлылығын арттыру, сол сияқты өз қызметін, қызметкерлердің біліктілігін және олардың «Транстелеком» АҚ қызметіне тартылуын, бизнес-процестер мен рәсімдердің тиімділігін, ұйымдық құрылымын жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс істейді.

Сенімділік және бедел.

Біз сенімді компаниямыз, өз атымызды бағалаймыз.

«Транстелеком» АҚ сенімді қызмет көрсетуші және серіктес, нарыққа әлеуметтік жауапты және заңға бағынатын қатысушы ретіндегі беделін сақтауға және арттыруға күш салады.

Бизнес-модель

BUSINESS MODEL CANVAS
ПІШІМІНДЕГІ TTC АҒЫМДАҒЫ
БИЗНЕС-МОДЕЛІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Негізгі серіктестер

- Бизнесінің серіктестік моделін дамыту (бизнесі стратегиялық бақылауды сақтай отырып, серіктестерді тарту)

Негізгі қызмет

- Жаңа клиенттерді тарту
- Тендерлерге қатысу
- Норма шығару процесіне қатысу

Құндылық ұсыныстары

- Жинақтау сервистерін ұсыну
- Халықаралық транзит және интернет қызметтері

Клиенттермен қарым-қатынас

- Компания клиенттермен ұзақмерзімді қарым-қатынасты сақтауға бағдарланған

Клиенттер сегменттері

- B2KTZ
- B2BG
- B2O
- B2SP
- B2R
- B2C

Негізгі ресурстар

- Адам ресурстары
- Техникалық инфрақұрылым

Арналар

- ТОБЖ жеке желісі
- Ақпарат орталықтары

Шығыстар құрылымы

- Жұмыстарды орындау/қызмет көрсету үшін бөгде ұйымдарды тарту
- Күрделі шығындар (жабдық сатып алу)
- Инфрақұрылымды пайдалану

Кіріс ағындары

- Жұмыстарды орындауға/қызмет көрсетуге кірісті шарттар жасасу

Хартиялар мен қауымдастықтарға қатысу

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ, САЯСАТКЕРЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ ПАЙДАСЫНА ЕШҚАНДАЙ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ТҮРІН ЖАСАМАЙДЫ, СОНДАЙ-АҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА ҚАНДАЙ ДА БІР ИНВЕСТИЦИЯЛАР САЛМАЙДЫ. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ СЫРТҚЫ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖҰМЫСТАРЫ АЯСЫНДА «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨЗ МОЙНЫНА АЛМАДЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА, ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ ХАРТИЯЛАРДЫ НЕМЕСЕ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАМАДЫ.

«Транстелеком» АҚ – көбінесе байланыс операторының тиімді жұмыс істеуін айқындайтын мынадай ұйымдардың мүшесі:

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы («Атамекен» ҰКП) – ҚР Үкіметімен және мемлекеттік органдармен бизнестің келіссөз жүргізу күшін арттыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым. Кәсіпкерлер палатасы өз қызметімен ішкі және

сыртқы сауданы қоса алғанда, кәсіпкерліктің барлық саласын қамти отырып, шағын, орта және ірі бизнестің мүдделерін қорғайды.

«Атамекен» ҰКП қызметі ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін іскерлік, инвестициялық ахуалды, тұрақтылықты жақсартуға, елде бизнес жүргізу жағдайларын дамытуға бағытталған, «Транстелеком» АҚ – 2013 жылы құрылған сәтінен бастап осы ұйымның мүшесі.

«Атамекен» ҰКП аясында «Транстелеком» АҚ өкілі Еуразиялық экономикалық одақта (ЕурАзЭО) Кедендік реттеуді жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы жанынан құрылған Сараптау тобының мүшесі.

2023 жылы «Транстелеком» АҚ өкілдері Цифрлық кодекс жобасын, мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша заң жобасының реттеушілік әсерінің талдамасын, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жинақтау технологияларын енгізу

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасын қоғамдық талқылауға, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП алаңында ұйымдастырылған экономика салаларында бәсекелестікті дамыту мәселелері жөніндегі кеңестерге және техникалық стандарттар жобаларын талқылауға қатысты.

Ұлттық телекоммуникациялық қауымдастық (ҰТҚ) – ұйымдық-құқықтық түрі бойынша коммерциялық емес ұйым, тиісті лицензиялары бар, негізгі қызмет түрі телекоммуникациялық қызмет көрсету болып табылатын заңды тұлғалар бірлестігі. ҰТҚ – барлық ұялы байланыс операторын, барлық магистральдық операторды және бірінші деңгейдегі провайдерлерді біріктіретін жалғыз телекоммуникациялық қауымдастық. ҰТҚ қызметі әкімшілік кедергілерді жою арқылы телекоммуникациялық нарықты дамытуға, телекоммуникациялық компаниялардың ұйымдық-өндірістік қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаға және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге ықпал ету мүмкіндігін арттыруға бағытталған.

«Транстелеком» АҚ – ҰТҚ-ның ежелден келе жатқан мүшелерінің бірі және 2003 жылдан бері соның құрамында. Бұл ұйымға мүшелік компанияларға басқа байланыс операторларының тәжірибесін алуға, телекоммуникация саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысуға, кадрлар құрамының біліктілігін арттыру іс-шаралары саласында жәрдем алуға, телекоммуникациялық жабдықтар үшін бірыңғай техникалық стандарттарды әзірлеуге қатысуға мүмкіндік береді.

2023 жылы ҰТҚ-мен бірлесіп мемлекеттік органдарға және «Атамекен» ҰКП-ға «Транстелеком» АҚ-тың нормативтік-құқықтық актілердің (НҚА) 40-тан астам жобасы бойынша ұсыныстары пысықталып, жолданды: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру және ақпараттандыру саласының инвести-

циялық ахуалын арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы; Дербес деректерді қорғау тәртібі белгіленген қағидалар; Сервистік компаниялардың (МИБ), байланыс операторлары мен құрылыс салушылардың өзара қарым-қатынас орнату тәртібі; Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы талаптар (ДӨО жұмыс істеуі бөлігінде); Басқа телекоммуникация желілерін қосу қызметін көрсету қағидалары және желілердің өзара әрекеті және ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісінің байланыс операторы үшін трафикті өткізу бойынша міндеттемелер және т.б.

«Ұлттық коммуникациялар және цифрландыру қауымдастығы» ЗТБ (ҰКЦҚ) – коммерциялық емес ұйым, салада бар проблемаларды шешуде шоғырландырылған тәсіл үшін телекоммуникациялық және инфокоммуникациялық қызметтердің кең шоғырын ұсынуға маманданатын отандық компаниялар бірлестігі.

ҰКЦҚ жұмыс жүргізіп жатқан міндеттерге мыналар жа-тады:

- экономиканың түрлі салаларындағы бәсекелестікті дамыту және ұсынылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу;
- компаниялардың тауар нарықтары мен қызмет нарығына бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен, қорлармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасқан кезде қатысушылардың бастамаларына жәрдемдесу.

ҰКЦҚ негізгі тәсілдері:

- тауар, жұмыс және қызмет нарығында Қауымдастық мүшелерінің мүдделерін қорғау;

- салалық реттеу жүйесінің, нормативтік шешімдер мен стандарттардың өзгерістерін пысықтау, қатысушылардың бастамаларын ілгерілету және БАҚ-та қолдау көрсету;
- Қауымдастық мүшелерінің мемлекеттік жобаларға және серіктестік бизнес жобаларына қатысу мүмкіндігі.

«Транстелеком» АҚ – 2021 жылдан бастап ҰКЦҚ-ның салмақты қатысушысы.

2023 жылы ҰКЦҚ «Транстелеком» АҚ-пен бірлесіп 12 тақырыптық іс-шараны ұйымдастырып, өткізді, оның ішінде: 5-еуі – Астана қаласында, 7-еуі – ел өңірлерінде.

Астана қаласында: «Smart жабдықтау» тауар-материалдық құндылықтарды таңбалау жобасы бойынша кеңес (2023 ж. 29 наурыз), Энергетика министрлігінде жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға түзетулер жиынтығын талқылау (2023 ж. 11 шілде); Оқу-ағарту министрі Ғ.Б. Бейсембаевтың, Ғылым және жоғары білім министрі С. Нұрбектің қатысуымен техникалық IT-мамандарды даярлау жөніндегі оқу бағдарламаларын әзірлеу мәселелері бойынша дөңгелек үстел (2023 ж. 12 қазан); Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.Қ. Жақыповамен кездесу өткізілді, онда әлеуметтік жобаларды бірлесіп іске асыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді (2023 жылғы 7 желтоқсан) және т.б.

«Транстелеком» АҚ филиалдарының қатысуымен өңірлерде мынадай іс-шаралар ұйымдастырылды: 2023 жылғы 24–25 қараша аралығында Түркістан қаласында «Түркістан – туризм, инвестиция, экономика» халықаралық экономикалық форумы өткізілді; 2023 жылғы 28–30 қараша аралығында Ақтау қаласында Мұнай және газ көрмесі ұйымдастырылды; 2023 жылғы 19 желтоқсанда Талдықорған қаласында Тәжірибе алмасу және Бизнесінің проблемалық мәселелері жөніндегі өңірлік конференция өткізілді.

Сондай-ақ ҰКЦҚ мүшелері республикалық және өңірлік қайырымдылық акцияларына белсенді түрде қатысып, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетеді, әлеуметтік және қайырымдылық жобаларының демеушісі болып жүр.

2023 жылы «Транстелеком» АҚ-пен бірлесіп «Қайырымдылық керуені» атты республикалық форумға, «Мектепке жол» республикалық акциясына қатысу ұйымдастырылып, Абай облысында орман өртінен зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсетілді.



Жылдық есеп 2023

ҚАРЖЫ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2023 жылдың қорытындысы бойынша
«Транстелеком» АҚ таза пайдасы
10,7 млрд теңгені құрады

- 014 Компанияның цифрлық көрсеткіштері
- 014 Қызметтің негізгі индикаторлары
- 015 Компанияның негізгі көрсеткіштерін есептеу

10 719

ТАЗА ПАЙДА –
10 719 МЛН
ТЕҢГЕ

35 568

МЕНШІКТІ КАПИТАЛ –
35 568 МЛН
ТЕҢГЕ

Компанияның цифрлық көрсеткіштері

EBITDA margin

24%



Кірістер

78 934 млн теңге



EBITDA

18 597 млн теңге



Түсім

78 787 млн теңге



Меншікті капитал

35 568 млн теңге



Таза пайда

10 719 млн теңге



Өткізудің өзіндік құны

67 707 млн теңге



Жалпы әкімшілік шығыстар

6 492 млн теңге



Қызметтің негізгі индикаторлары

	Өлш. бірлігі	2019	2020	2021	2022	2023
Қаржылық көрсеткіштер						
Қызметті өткізуден түсетін кіріс	млн теңге	82 095	68 585	84 615	81 663	78 934
Таза пайда	млн теңге	2 708	3 864	4 823	(11 129)	10 719
EBITDA	млн теңге	20 277	19 371	35 295	20 643	18 597
EBITDA margin	%	25%	28%	42%	25%	24%
ROACE	%	16%	8%	13%	7%	6%
Өзіндік құн	млн теңге	64 597	52 476	58 429	67 344	67 707
ОАР	млн теңге	6 814	8 095	7 341	8 018	6 492
Күрделі салымдар	млн теңге	9 357	15 055	22 172	11 111	20 057
Тиімділік көрсеткіштері						
ROIC (инвестицияланған Капиталға қайтару)	%	14%	5%	12%	10%	5%
Активтер, барлығы	млн теңге	113 960	174 543	198 690	220 037	190 161
Міндеттемелер	млн теңге	86 659	143 462	162 824	195 271	154 592
Меншікті капитал	млн теңге	27 301	31 081	35 866	24 767	35 568

Компанияның негізгі көрсеткіштерін есептеу

	31.12.2019	31.12.2020	31.12.2021	31.12.2022	31.12.2023
Өтімділік					
Абсолютті өтімділік коэффициенті	0,006	0,099	0,135	0,109	0,060
Мерзімді өтімділік коэффициенті	0,560	0,509	0,770	0,370	0,330
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	0,610	0,620	0,820	0,410	0,390
Пайдалылық және табыстылық					
Таза пайда бойынша активтердің табыстылығы (ROA)	2,4%	2,2%	2,4%	-5,1%	5,6%
Таза пайда бойынша капиталдың табыстылығы (ROE)	9,9%	12,4%	13,4%	-44,9%	30,1%
Сатылымның табыстылығы (ROS)	3,3%	5,6%	5,7%	-13,6%	13,6%
Таза пайда, мың теңге	2 708 133	3 864 081	4 823 149	-11 128 752	10 719 155
Капитал					
Капитал көлемі, мың теңге	27 300 976	31 080 821	35 866 067	24 766 655	35 568 860
Капитал жеткіліктілігі коэффициенті	0,24	0,18	0,18	0,11	0,19
Борыш жүктемесі					
Ұзақмерзімді кредит пен қарыз, мың теңге	31 717 557	42 031 170	48 185 799	17 559 725	22 286 506
Қысқамерзімді кредит пен қарыз, мың теңге	12 801 605	14 175 804	10 571 068	44 570 449	2 157 832
Борыш / түсім	0,54	0,82	0,70	0,76	0,31
Борыш / EBITDA	2,20	2,90	1,66	3,01	1,31
Борыш / капитал	1,63	1,81	1,64	2,51	0,69

Өтімділік көрсеткіштері

31.12.2023 ж. абсолютті өтімділік коэффициенті – 0,06, мерзімді өтімділік коэффициенті – 0,33, ағымдағы өтімділік коэффициенті – 0,39.

Табыстылық көрсеткіштері

2023 жылдың қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ таза пайдасы 10,7 млрд теңгені құрады. Оң көрсеткіштің негізгі себебі – бағамдық айырма бойынша кірістің артуы және шығыстың азаюы.

Борыш жүктемесінің көрсеткіштері

Борыштық міндеттемелер 37,7 млрд теңгеге немесе 60,66 %-ға қысқарды. 31.12.2023 ж. жағдай бойынша борыш/ EBITDA – 1,31, борыш/капитал – 0,69; борыш/түсім – 0,31.

Жылдық есеп 2023

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



«Транстелеком» АҚ-кең ауқымды
АКТ қызметтерінің әртарапандырылған
операторы

- 017 Компанияның көрсететін қызметтері
- 018 Аутсорсинг қызметін көрсету
- 019 Бөлшек бизнесті дамыту (B2C сегменті)
- 020 Корпоративтік және мемлекеттік секторлардағы бизнесті дамыту (B2BG сегменті)
- 021 Операторлық бизнесті дамыту (B2O сегменті)
- 022 Темір жол саласындағы бизнесті дамыту (B2KTZ сегменті)
- 026 Стратегиялық жобаларды дамыту
- 027 Аймақтық бизнесті дамыту (B2R сегменті)

+36 %

В2С СЕГМЕНТІНДЕ
ТҮСІМНІҢ АРТУЫ
+36%

+77 %

ОТТ ҚЫЗМЕТІН
КӨРСЕТУДЕН ТҮСЕТІН
ТҮСІМНІҢ АРТУЫ +77%

Компанияның көрсететін қызметтері

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҚР ЕҢ ІРІ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ БОЛА ОТЫРЫП, ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ІТ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КЕҢ ШОҒЫРЫН ҰСЫНУҒА МАМАНДАНҒАН.

1. Байланыс орталығы

Тапсырыс беруші ұйымның немесе бас ұйымның мүддесі үшін дауыстық байланыс арналары, электрондық пошта, факс арқылы және интернет-чат режимінде өтініштерді өңдеу және ақпараттандыру қызметі.

2. Жинақтау қызметі

IaaS виртуалды инфрақұрылымы – виртуалды серверлерді өз бетінше құруға, клондауға, олардың конфигурациясын өзгертуге және желіні баптауды басқаруға мүмкіндік беретін жеке, толығымен оқшаланған виртуалды ақпарат орталығын (VDC) құруға арналған икемді шешім.

3. Электрондық мұрағат

Мұрағат ісіне сай құжаттардың электрондық нұсқаларын сақтауға арналған көп пайдаланушы жүйесі. мұрағат істерін іздеу тұрғысынан мұрағатшының жұмысын оңтайландырады.

4. ДӨӨ-ға орналастыру

Электр қуат көзін және байланыс арнасын ұсынуды қоса алғанда, жабдықты (серверді) «Транстелеком» АҚ ақпарат орталықтарында орналастыру, соның ішінде.

5. Service-desk

Техникалық қолдау көрсету қызметі және пайдаланушыларды сүйемелдеу.

6. Service-desk үшін ITSM платформасы

IT-процестерді басқаруға арналған платформа.

7. IT-процестерді басқаруға арналған платформа.

Компьютерлік жабдықтау/ноутбукқа қызмет көрсету мен қолдауды, лицензияланған бағдарламалық жасақтаманы ұйымдастыру аутсорсингі.

8. Желіні ұйымдастыру және қолдау сервисі

Актив, пассив желілік жабдықты орнату, баптау және қолдау қызметтері.

9. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі

Корпоративтік деректердің ақпараттық қауіпсіздігі мен құпиялығын қамтамасыз етуге бағытталған техникалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені.

10. Ақпараттық қауіпсіздік бойынша консалтинг қызметтері

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы консалтинг тапсырыс берушіге мыналарды анықтау мақсатында көрсетілетін қызметтер кешенін білдіреді:

- әлемдегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша үздік тәжірибелерге, салалық талаптарға

- сәйкес, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қазіргі бар қатерлерге қарсы іс-қимылдың тиімділігі тұрғысынан ұйымдағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ағымдағы деңгейін (жетілу деңгейін);
- ақпараттық қауіпсіздікті дамыту бағытын, ұйымның стратегиялық даму мақсаттарын ескере отырып, мақсаттар мен шешілетін міндеттер бағытын;
- таңдалған бағыт бойынша алға жылжу және алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін қажетті нақты іс-әрекеттерді.

11. Қашықтан оқыту және тестілеу жүйесін енгізу

ҚОТЖ жобасының аясында құрамына бағдарламалық жасақтаманы жеткізу, ақпараттық жүйені енгізу және жабдықты жеткізу (қажет болған кезде) кіретін, ақпараттық технологиялар саласындағы толық аяқталған кешенді жұмыстар көрсету.

12. Бейнеконференция байланысы жүйелерін ұйымдастыру

Бейнеконференцияларды ұсыну, ұйымдастыру және техникалық қолдау қызметтері.

13. Кез келген күрделіліктегі жобаларды іске асыру

Клиенттердің қажеттіліктеріне сәйкес жаңа немесе өзгертілген қызметтерді іске асыру және пайдалануға беру жобаларын басқару.

14. SAP

- SAP ERP – кәсіпорын ресурстарын басқару жүйесі;
- SAP HCM – персоналды басқару жүйесі және жаалақыны есептеу;

- SAP BW – корпоративтік есептілікті құру үшін пайдаланылатын деректерді жинауды, сақтауды және басқаруды қамтамасыз ететін жүйе;
- SAP BO – кеңейтілген түрде талдауға және деректерді барынша көрнекі түрде ұсынуға арналған бірыңғай талдау платформа;
- SAP CRM – клиенттермен қарым-қатынасты басқару жүйесі;
- SAP HANA – деректерді сақтауға және өңдеуге арналған өнімділігі жоғары newsql платформасы;
- SAP S/4 HANA – бизнес-процестерді автоматтандыруға арналған жаңа буын платформасы.

15. IT-инфрақұрылымды техникалық қолдау

Серверлік, ДСЖ, коммутациялық, тіршілікті қамтамасыз ету (ауа баптағыш, UPS) сияқты жабдықтарды қоса алғанда, it-инфрақұрылымға техникалық қолдау көрсету қызметтері.

16. Қалааралық және халықаралық байланыс қызметтері

Өртүрлі елдердің аумағында орналасқан пайдаланушылар арасында телефон байланысын ұйымдастыру.

17. SIP-телефония

Интернет желісі арқылы немесе кез келген басқа IP-желілер арқылы сөйлеу сигналын беру қызметтері.

18. SIP транк

SIP-транк цифрлық телефония қызметін көрсететін компания мен клиенттік станция арасындағы виртуалды байланыс арнасы іспеттес. Ол қажетті нөмірлер санын қосуға мүмкіндік береді.

19. Телеграф байланысы

Қабылдау пунктінде міндетті түрде жазып алу арқылы әріптік-цифрлық хабарларды (жеделхаттарды) қашық жерге беру қызметтерін сымдар және/немесе радио сигналдары арқылы берілетін электр сигналдары жүзеге асырады. Айрықша ерекшелігі – құжаттылық: хабар арналған адамға баспа әрпімен (сирек жағдайда қолмен) жазылған мәтін түрінде табыс етіледі.

20. ADSL технологиясы бойынша интернет желісін қолдануға рұқсат беру

ADSL технологиясы бойынша интернет желісін қолдануға рұқсат беру қызметтері телефонды ақпаратты берумен бір мезгілде пайдалануға жол ашады. деректерді асимметриялық беру арнасы арқылы бір мезгілде бере отырып, дауыстық трафикті беру қамтамасыз етіледі.

21. FTTB/FTTX/GPON технологиясы бойынша интернет желісін қолдануға рұқсат беру

Ғимараттың шекарасына жететін оптикалық талшық арқылы интернет желісін қолдануға рұқсат беру қызметтері, оптикалық абонентке жетуі, яғни оптикалық тораптың орта есеппен 100-250 абонентке рұқсат беруді қамтамасыз ету мүмкіндігі.

22. ETHERNET технологиясы бойынша интернет желісін қолдануға рұқсат беру

ETHERNET технологиясы бойынша интернет желісін қолдануға рұқсат беру қызметтері деректерді секундына 100 Гб дейінгі жылдамдықпен беруді қамтамасыз етеді.

23. Байланыстың IP VPN-арналарын (VPN) жалға алу

Клиенттер үшін аумақтық бөлінген қорғалған деректерді берудің корпоративтік желісін құру. IP/MPLS технологиясына негізделген қорғалған корпоративтік IP-желілерді ұйымдастыру. Қызмет ұйымның құрылымдық бөлімшелерін (офистер бірлестігін) немесе қала ішінде, облыс ішіндегі елді мекендерде, сондай-ақ бүкіл ҚР аумағында және шетелде серіктес компаниялар желісін өзара байланыстыруға мүмкіндік береді.

24. Цифрлық арналарды жалға беру

Тапсырыс беруші компанияның өткізу қабілетімен пх64 кбит/с аумақтық бөлінген офистері мен қажетті түпкі жабдық арасында «нүкте-нүкте» топологиясымен деректерді беру қызметтері.

25. Спутниктік станциялар арқылы қосылған кезде деректерді беру арналарын жалға алу

Спутниктік жүйелер базасында ҚР бүкіл аумағында кез келген түрдегі деректерді беру қызметтері.

26. «Транстелеком» АҚ телекоммуникация желісіне тіркелген телефон байланысы операторларының телекоммуникация желілерін қосу

Телефон байланысы қызметтерін іске асыру үшін «Транстелеком» АҚ желісіне бөгде байланыс операторын қосу бойынша қызметтерін көрсету.

27. «Жедел іздестіру іс-шараларының жүйесі» басқару пультіне қосылу

«Транстелеком» АҚ телекоммуникация желісіндегі ЖІІЖ басқару пультіне клиенттерді/бөгде операторларды қосу қызметтері.

28. Халықаралық транзит

Ұзындығы 24 мың шақырымнан асатын елдегі ең ірі талшықты-оптикалық байланыс желісінің (ТОВЖ) бірінде іске асырылған жеке магистральдық DWDM негізіндегі қызмет.

29. Пиринг

Интернет-операторлардың өз желілері арасында трафик алмасу туралы келісімі, сондай-ақ осы келісімді іске асыратын техникалық өзара іс-қимыл: желілерді қосу және BGP хаттамасы бойынша желілік бағыттар туралы ақпарат алмасу.

30. TTC TV интерактивті теледидар платформасы

Платформа заманауи және ауқымы үлкейтілетін интерактивті ТД қызметін өрістету үшін транскодингтен бастап, CDN-ге дейін және барлық танымал құрылғыларға арналған клиенттік қосымшаларға дейін барлық қажетті компоненттерді қамтиды.

Аутсорсинг қызметін көрсету

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІН КЕҢЕЙТУДІҢ БОЛАШАҚТА НӘТИЖЕ КҮТІЛЕТІН БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ – ІТ-АУТСОРСИНГ, ҰЙЫМДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ЖОБАЛАУҒА, ПАЙДАЛАНУҒА ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУ.

Ақпараттық технологиялар нарығына жатпайтын ұйымдар үшін ІТ-қамтамасыз ету көмекші процестер санатына кіреді. ІТ-инфрақұрылымның және оны басқарудың күрделілігінің артуына, сондай-ақ кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты көптеген ұйымдар ІТ-аутсорсингті аталған мәселелердің нақты шешімі ретінде қарастырады.

Жобаларды іске асыру барысында ақпараттық-коммуникациялық кешеннің барлық функциясын аутсорсингке шығару және оның АКТ құрылымын шоғырландыру ұсынылады: ақпараттық-телекоммуникациялық оператордың басқаруындағы ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді дамыту, енгізу, басқару, пайдалану және сервистік сүйемелдеу міндеттерін орталықтандыру.

Сонымен, «Транстелеком» АҚ көптеген ұқсас міндеттерді шоғырландырып отыр, сол арқылы оларды орындау өнімділігі мен сапасын арттырады. Сервистік стратегияны ІТ-аутсорсингке мамандандырудың әлеуметтік және экономикалық мәні осында. Ірі ұйымдар үшін ІТ-аутсорсинг ақпараттық технологияларды пайдалану шығынын азайтады және олардың сапасын арттырады, ІТ-процестерді стандарттау ұйымның ашықтығын арттырады және қаржыны үнемдеуге жол ашады.

Бөлшек бизнесті дамыту

(B2C сегменті)

B2C СЕГМЕНТІ – ӘЛЕМДЕГІ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ СЕКТОРЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ БАСЫМ СЕГМЕНТІ.

Негізгі бағыттардың бірі – өзін ұдайы кіріс алып отыратын, болашағы зор және тұрақты бизнес ретінде көрсететін бөлшек бизнесті дамыту.

2023 жылы кіріс өсімі 2022 жылға қатысты алғанда 36%-ды құрады. 2021–2023 жылдар кезеңінде B2C сегментіндегі түсім бойынша орташа жылдық өсім 28%-ды құрады. Серіктестік желі бойынша жасалған шарттардың өсімі 2023 жылға қарай ~20%-ды құрады.

28

%

2021–2023 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕ
B2C СЕГМЕНТІНДЕГІ ТҮСІМ
БОЙЫНША ОРТАША ЖЫЛДЫҚ
ӨСІМ 28%-ДЫ ҚҰРАДЫ.



OTT TV сервисіне келсек, 2023 жылы Android, iOS және Smart TV негізіндегі смартфондарға арналған TTC TV мобильді қосымшасы жаңартылып, арналар желісі 149-дан 188-ге дейін кеңейтілді, сондай-ақ керемет фильмдер мен ойын-сауық түріндегі бағдарламалар көруге мүмкіндік беретін Premier онлайн-кинотеатры қосылды.

Бөлшек бизнесті дамыту сегменті телекоммуникациялық қызмет ұсыну нарығында клиенттермен өзара іс-қимыл процестерінің бір бөлігін жақсартуға мүмкіндік берген бизнес-процестерді оңтайландыру және трансформациялау бойынша бірқатар іс-шаралар өткізді, осылайша:

- Қоғамның серіктестермен (дилерлермен, инвесторлармен, құрылыс салушылармен) өзара іс-қимыл процесі бір ізге түсірілді;
- Клиентке бағдарлану аясында ұсынылатын қызметтердің сапасына, сервистік қызмет көрсету сапасына қатысты іс-шаралар (аралау, қоңырау шалу, абоненттерге сауалнама жүргізу) ұдайы жүргізіледі;
- Жеке тұлғалар үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған жария шарт бір ізге түсірілді, шарттың кейбір ережелері қайта қаралды.

2022 жылға қатысты алғанда 2023 жылғы өсім:

- **+36%** – B2C сегментінде түсімнің артуы;
- **+35%** – интернет желісін қолдануға рұқсат беру қызметін көрсетуден түсетін түсімнің артуы;
- **+77%** – OTT қызметін көрсетуден түсетін түсімнің артуы.

TTC TV қызметі

TTC TV – қызмет провайдері немесе оның дистрибьюторы ұсынатын TV плеер арқылы, сондай-ақ Smart TV, IOS, Android құрылғыларына арналған мобильді қосымшалар арқылы қолжетімді OTT теледидар қызметі.

Бұл қызметті іске асыру мақсаты:

- Клиенттік базаны ұлғайту.
- «Транстелеком» АҚ ұсынатын қызметтер шоғырын кеңейту.
- Ең озық жергілікті және жаһандық өнімдермен бәсекелестік.
- Орналасқан жеріне қарамастан, елдің әрбір тұрғынына теледидар көруге мүмкіндік беру.

Теледидар нарығында «Транстелеком» АҚ-тың бірнеше бәсекелесі бар екенін ескерсек, «Транстелеком» АҚ-тың B2C сегментіне OTT тіркемесі берілді, оның көмегімен біз бәсекелестер алдында мынадай артықшылықтарға ие болдық:

- Пайдаланушы интерфейсі. Қашықтан мониторинг жүргізу.
- Жай теледидарды Smart TV-ге түрлендіру (Youtube, браузер және т.б.). Тіркемені ҚР кез келген жерінде кез келген провайдерден қосу.

- Қараған бағдарламалар, фильмдер мұрағатын 7 күнге дейін сақтау.
- Ыңғайлы каталог – фильмдерді, хабарларды жанрлар мен рейтингтер бойынша іздеу.
- Отбасының әрбір мүшесіне арналған бейін, таңдаулылар және қарау тарихы.
- Қосымша мүмкіндіктер – үзіліс, кері айналдыру және көруді кейінге қалдыру.
- Ата-ананың бақылауы функциясы бар балаларға арналған жеке бейін.
- Күн сайын жаңартылатын 1,5 мыңға дейін фильмдер мен сериалдар бар.

2023 жылы 149-дан 188-ге дейін қолжетімді ойын-сауық, ақпараттық спорт, балалар арналарының және премиум-класс арналарының тізбесі ұзартылды.

Осы қызметті қосқан сәттен бастап B2C сегментінде TTC TV қызметін пайдаланатын абоненттер санының артқаны байқалады.

Корпоративтік және мемлекеттік секторлардағы бизнесті дамыту

(B2BG сегменті)

Стратегиялық бағыттар аясында «Транстелеком» АҚ алдына мынадай стратегиялық мақсаттар қояды:

- Компанияның таза кірісін арттыру.
- Операциялық тиімділікті арттыру.
- Қазіргі клиенттерді сақтау, тендерлерге қатысу, жаңа клиенттер тарту.

Осы мақсаттарды іске асыру

аясында 2023 жылы мынадай жобалар

аяқталды/бастамашылық жасалды:

SAP

Бүгінгі таңда «Транстелеком» АҚ – ҚР аумағындағы SAP өнімдерінің ірі жүйелік интеграторы. 2019 жылдан бастап өзінің SAP құзыреттілік орталығы құрылды, ол қысқа уақыт аралығында SAP жобаларын іске асыру бойынша ауқымды жұмыс атқарды, сондай-ақ компанияның имиджін арттыруға бағытталған қызметті жүзеге асырды. Сол арқылы «Транстелеком» АҚ SAP Gold Partner мәртебесіне ие. Біздің құзыретіміз сертификаттармен және марапаттармен расталған, соның ішінде:

- Мұнай-газ саласындағы расталған сараптамасы бар серіктес (SAP Recognized Expertise Industry: Oil and Gas);
- Пайдалы қазбалар өндіру саласында расталған сараптамасы бар серіктес (SAP Recognized Expertise Industry: Mining);
- Жыл сайынғы SAP Value Award 2018 сыйлықақысы финалисінің дипломы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та жаңа SAP HANA платформасына SAP жүйелерін көшіру» жобасын сәтті іске асырғаны үшін алғысхат.

Табысты ынтымақтастық үшін, сондай-ақ адал әрі сенімді қызмет көрсеткені үшін «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-ден алған алғысхат.

Сонымен қатар 2022 жылғы қарашада «Dasco Technology» ЖШС-мен консорциумда «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-де енгізілген SAP жүйесін сүйемелдеу қызметін көрсетуге тендер ұтып алынды. Жобаны 2022-2023 жылдары іске асыру көзделді. Жоба сәтті іске асырылды. Сондай-ақ 2023 жылғы желтоқсанда «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-мен қызмет көрсету мерзімін 28.02.2025 ж. дейін ұзарту бөлігінде негізгі шартқа қосымша келісімге қол қойылды. Бүгінгі таңда «Транстелеком» АҚ-тың Қазақстан Республикасының аумағында SAP жүйелерін енгізу, дамыту және сүйемелдеу бойынша құзыреті мол.

> 1 000 000

ЕЛ БОЙЫНША БКМ-НЫҢ
ЖАЛПЫ САНЫ 1 МЛН АСАДЫ

«Кселл» АҚ арналған жоба

2022 жылғы қыркүйекте тапсырыс беруші «Кселл» АҚ үшін радиоға қол жеткізу желісін кеңейту және жаңғырту жұмыстарын орындауға тендер ұтып алынды. Жобада радио желілерін жобалау, жаңарту және базалық станциялар салу көзделді. Жобаны 2022-2023 жылдары іске асыру көзделді. Шарттың талаптары бойынша барлық міндеттеме толық көлемде орындалды, орындалған жұмыстар мерзімінде тапсырылды. Шарт аяқталған соң Қоғам радио желілерін жаңғырту және базалық станциялар салу саласында құзыретін арттырды. Қоғамның осы саладағы тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, жоба сәтті іске асырылды.

Фискалдық деректер операторы

ФДО қызметі бәсекелі ортада көрсетіледі және Қоғамнан басқа қызметті «Қазақтелеком» АҚ, «Kaspi» АҚ, ФДОА, «Кар-Тел» ЖШС (Beeline) және «Kaztranscom» АҚ (Jusan Mobile) ұсынады.

Бүгінгі таңда «Транстелеком» АҚ ФДО ФДО клиенттерінің саны бойынша екінші орында және ФДО қызметтері нарығының 40%-дан астамын құрайды. Ел бойынша БКМ-ның жалпы саны 1 млн асады.

Қызметті дамыту мақсатында Қоғам мынадай іс-шаралар өткізді:

- қызметті 6 немесе 12 айға қосқан ФДО қызметінің қазіргі және жаңа пайдаланушылары арасында ай сайынғы бағалы жүлделер ұтыс ойыны бойынша акция;
- ФДО қызметінің жаңа клиенттері үшін жеңілдікті кезеңдер мен жеке тарифтер ұсынылды;
- БКМ техникалық қызмет көрсету орталықтары арасындағы марафон;
- клиенттерге ыңғайлы болуы үшін жаңа сервистер (ФДО API, Halyk POS, Halyk QR, номенклатура), сондай-ақ ФДО қызметтерінің ақысын тікелей ФДО жеке кабинетінде KASPI QR арқылы төлеу мүмкіндігі қосылды.

ФДО қызметі толығымен автоматтандырылған және оған қосылу www.OFD1.kz веб-порталы арқылы жүргізіледі.

ФДО қызметі іске қосылған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейін Қоғам ФДО қызметіне ай сайынғы абоненттік төлемнің құнын ҚҚС ескерілгенде 1 400 теңге мөлшерінде белгіледі.


Операторлық бизнесті дамыту

(B2O сегменті)

Халықаралық B2O бизнес

«Транстелеком» АҚ-тың халықаралық B2O бизнесі көптеген жылдар бойы ішкі және халықаралық нарықтарда сапалы байланыс қызметтерін көрсету бойынша белсенді қызмет жүргізіп келеді. Біздің серіктестеріміз – сапалы телекоммуникациялық қызметтер бизнес жүргізудің қажетті шарты болып табылатын ірі компаниялар.

TRANSKZ



100G Еуропа-Қытай транзиттік арналар бөлігінде бизнесті дамыту

2023 жылы «Транстелеком» АҚ Қытай бағытындағы транзитті іске асыруға белсенді түрде қатысты және Қытай байланыс операторларымен транзиттік сыйымдылықты қосу бойынша бірнеше жоба іске асырылды.

Сондай-ақ ҚХР байланыс операторларымен Қазақстан/Қытай шекарасындағы желіаралық түйіспелерде сыйымдылықты 1,5 Tb дейін арттыру (апгрейд) және Қорғас кенті ауданында қосымша түйіспелерді ұйымдастыру бойынша стратегиялық меморандумдарға қол қойылды, бұл жобаларды 2024 жылы іске асыру жоспарлануда.

Қытай операторларымен ұзақ-мерзімді бірлескен ынтымақтастық



Орталық Азияда бизнесті дамыту

«Транстелеком» АҚ 2023 жыл ішінде Қырғыз Республикасының нарығындағы өз позициясын нығайтты және өзінің қатысу үлесін 15%-ға дейін арттырды, 2024 жылы бұл көрсеткішті 25%-ға дейін арттыру жоспарлануда.

«Транстелеком» АҚ «Ақпарат орталығы» ЖШҚ үшін 2x10G жаңа арналарын қосу нәтижесінде Қырғызстандағы өз позициясын нығайтты

Өзбекстан нарығында Алматы – Ташкент бағытында үш арнаны қосу бойынша British Telecom-мен жобаны іске асыру басталды, сондай-ақ «Telegraph International B.V.»-мен жасалған ұзақмерзімді мәміленің арқасында транзиттік сыйымдылықты жаңарту және нарықтағы қатысу үлесін 45%-ға дейін арттыру жоспарлануда.

Enterprise бизнесті дамыту



2023 жылы «Транстелеком» АҚ көлік және коммуникация саласында Түрікменстанмен екіжақты өзара іс-қимылды одан әрі дамыту мүмкіндігі үшін

«Түрікментехногурлушик» ЖАҚ-пен телекоммуникация қызметтерін өзара ұсыну жөнінде келіссөздер жүргізді.

Елдер арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 12-отырысының іс-шарасы аясында Тараптардың Қазақстан-Түрікменстан шекарасындағы телекоммуникациялық түйіспені ұйымдастыруға, сондай-ақ әлеуетті тапсырыстарды іске асыру мақсатында коммерциялық өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға қатысты ниеті көрсетілген Хаттамаға қол қойылды.

Алдағы уақытта ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою жоспарлануда, бұл желіаралық түйіспені ұйымдастыру және осы нарыққа шығу процесіне бастау болады.

«МТС» ЖАҚ-пен бірлесіп Қазақстан/Ресей шекарасында жаңа түйіспе ұйымдастырылды, бұл жаңа бірлескен кейстерді іске асыруға, сондай-ақ желіаралық шарт жасасуға мүмкіндік берді.

Ресейлік байланыс операторларымен ынтымақтастықты нығайту




Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында байланыс қызметін ұсыну бойынша Freedom Telecom нарығындағы жаңа оператормен желіаралық өзара іс-қимыл туралы шарт жасалды.

Қазақстан нарығындағы жаңа серіктес



2023 жылдың қорытындысы бойынша операторлық бизнес түсімі өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға артты.

2021-2023 ж. B2O түсімі, мың теңге



Темір жол саласындағы бизнесті дамыту

(B2KTZ сегменті)

B2KTZ ЖҰМЫС ВЕКТОРЫ ҰСЫНЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУҒА, БІЗДІҢ «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ БАЗАСЫНДА ӘРБІР МІНДЕТКЕ ЖЕКЕ ТӘСІЛДІ, ШЕШІМНІҢ КЕШЕН-ДІЛІГІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА ҚҰРУҒА, МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУДА ЕҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ЖӘНЕ «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҚОЛАЙЛЫ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

B2KTZ құзыреті:

- ТЭЛКО
- ТОБЖ
- ЭДТ АБЖ
- ЖТБ
- «Магистраль» АБЖ
- «ҚТЖ» құрылғыларының сервисі
- Жаңа вокзал
- Тексермелеу жабдығы
- АҚБЖ

B2KTZ қызметінің бағыттары:

- автоматика, телемеханика
- байланыс, радиобайланыс
- қауіпсіздік құрылғылары
- энергетика
- ақпараттық жүйелер
- электрмен жабдықтау құрылғылары
- ауаны баптау жүйелері

2023 жылғы жетістіктер:

2023 жылы ұсынылатын жұмыстар мен қызметтерді көбейту бойынша үлкен жұмыс атқарылды, оның ішінде:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-пен «Деректер беру желісін ұйымдастыруға арналған арналар (SD-Wan ДБЖ жаңғырту)» жаңа қызметін ұсынуды қоса алғанда, байланыс арналарын жалға беру бойынша ұзақмерзімді шарт жасасу жұмысы жүргізілді.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-пен серверлік қуат беруді арттыруға арналған шарт.
- Астана қаласында пойыздар қозғалысын басқару (ӨПҚБО) үшін жедел-технологиялық байланыс ұйымдастырылды.
- Қазақстан Республикасының аумағында транзиттік тасымалдардың тиімділігін арттыру, көлік қызметтеріне деген бар және болжанатын қажеттіліктерді қанағаттандыру, олардың сапасын жақсарту үшін ХТЖО-мен жасалған шарт көлік кешенін дамыту үшін бастапқы алаң болды.

IAAS

2023 жылы тапсырыс беруші «ҚТЖ» ҰК» АҚ-пен бірлесіп SAP интеграциялық шинасы үшін сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілді.

Клиентті сақтай алдық, сол арқылы «Транстелеком» АҚ техникалық және кәсіби мүмкіндіктерін көрсетті. Осы қызметті ұсынған кезде көші-қон ауыртпалықсыз ұйымдастырылды, өзге әзірлеушілерді тартпай-ақ, техникалық мамандар жұмылдырылды, бұл қаржы бөлігінде шығынды барынша азайтты.

АҚБЖ

Клиентке бағдарлану, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдары үшін ақпараттық қауіпсіздік қызметін ұсынуда шарт бойынша міндеттемелерді орындау көрсеткіші аясында «Кибер-қатерді анықтау және соған орай әрекет ету» тақырыбында біліктілікті арттыру курстары өткізілді. Осы оқытудың аясында мақсаты кәсіпорынның ақпараттық ортасын тұрақсыздандыру болып табылатын ақпараттық зиянкестердің нақты іс-әрекеттеріне жақын зертханалық жұмыстар жүргізілді. Курстан өткеннен кейін өткен материалдың игерілуін тексеру, сондай-ақ сертификаттар алу үшін міндетті түрде тестілеу жүргізілді.

Жедел-технологиялық байланыс

Өңірлік пойыздар қозғалысын басқару орталығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Магистральдық желі дирекциясымен» бірлесіп, Алматы қаласында құрылған Оңтүстік-Шығыс өңірдің өңірлік пойыздар қозғалысын басқару (ӨПҚБО)

және инфрақұрылымы орталығындағы диспетчерлік топтардың бірлестіктері, жедел-технологиялық байланысты (ЖТБ) ұйымдастыру. Жаңа ӨПҚБО – тасымалдау процесі мониторингі мен диспетчерлік басқарудың интеграцияланған жүйесі, мұндағы мақсат пайдалану шығындарын азайтып, бір орталықтан басқару арқылы оңтүстік-шығыс торапта басқару тиімділігін оңтайландыра және арттыра отырып, жұмыс орындарын автоматтандыру болды.

ТОБЖ магистральдық арналарын жалға алу

2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін темір жол желісі бойына 13 мың шақырымнан астам талшықты-оптикалық байланыс желісі салынды, бұл Қоғамға бизнестің басқа сегменттерін дамытуға және телекоммуникациялық жүйелер шоғырын кеңейтуге серпін берді.

Көрсетілетін қызмет: Жүйе темір жол бойында орналасқан магистральдық байланыс желісінде ұйымдастырылған. Телекоммуникациялық жүйелерді жалға алу аясында тапсырыс берушіге мыналар ұсынылады:

638 станциядағы магистральдық талшықты-оптикалық кабельдегі 8 оптикалық талшықтан тұратын үлкен көлік ортасы.

Қажетті интерфейстері бар озық арна құраушы және коммутациялық жабдық:

- ЖТБ (жедел технологиялық байланыс) сервистері үшін 8-ден 42-ге дейін E1 ағыны, ЖАЗ (желілік аппараттық зал) үшін, телефония, Ақпарат желісі арнасы үшін, Астана – Пекин, Достық – Алашаньюкоу халықаралық байланыс арналары үшін ҮЖ арналары.
- ДБКЖ (деректерді берудің корпоративтік желісі), МӨЖ (мониторинг және әкімшілендіру жүйесі), АЖО («Орал» ОҚК, ИКТ, АСШ және т.б. автоматтандырылған жұмыс орындары), МПДОАЖ (диспетчерлік орталықтандырудың микропроцессорлық автоматтандырылған жүйесі) сервистеріне арналған 1 Ge/Eth 12 порты.
- Қайталама желіні ұйымдастыру үшін станцияларда 931 жерге «соңғы миль» және «ҚТЖ» ҰК» АҚ цехі салынып, қосылды, сол арқылы әрбір нүктеде: 2 қою түсті, 2 ашық түсті талшық, 4-тен 14-ке дейін 1G/FE порттарын бөле отырып, тасымалдауға қатысушылар деректерді берудің корпоративтік желісіне қосылды.
- Тасымалдау процесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету, сондай-ақ пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі үшін 202 станцияда ТБР пойыз радиостанциялары енгізілді және технологиялық радиобайланыс желілерінің (пойыздық, жөнделу-қалпына келтіру, станциялық радиобайланыс, станция бойынша кезекші, локомотив машинисі және т.б.) жұмысына арналған жылжымалы объектілермен деректерді беру қызметі ұсынылады.

Қазіргі уақытта тапсырыс беруші үшін жаңа «желілік деңгейдегі бағдарламалық-аппараттық кешен» SD-Wan технологиясы енгізілуде.

Жобаның мақсаттары:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ заманауи бірыңғай ақпараттық желісін құру.
- Соңғы мильдің өткізу қабілетін 1G-ге дейін арттыру.

- ДБКЖ, ШКЖ АБЖ, билет кассасы, МПДОАЖ және т.б. сияқты аса маңызды жүйелерге ресурстардың үздіксіз қолжетімділігі.
- Пайдалану шығыстарын азайту.
- Цифрлық платформа құру, желі толық бақыланатын «НЖБ» ахуалдық орталығы.
- SD-WAN заманауи желілік технологияларын дамыту.
- Тапсырыс беруші үшін желі құрудың бірыңғай стандарты.

Бұл жобаны енгізу әртүрлі бизнес-қосымшалар арасында деректермен жылдам алмасуды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары мен еншілес ұйымдары арасында жергілікті желінің жұмыс істеуі үшін терминалды серверлерге және бағдарламалық жасақтамаға жылдам қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Цифрлық радиобайланысқа көшу

Цифрлық жедел-технологиялық радиобайланыс жүйесі цифрлық жедел-технологиялық радиобайланыс пен ұқсас радиобайланыс үшін заманауи тиімді жұмыс істейтін желіні, станциялық және МСРТТ ұйымдастыруға арналған.

KTZ.01.01.P «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та АТ-өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті енгізу» жобасымен «Цифрлық трансформация» аясында енгізілген өндірістік қауіпсіздіктің интеграцияланған жүйесі бойынша жобаны қамту.

Жүйенің мүмкіндіктері:

- Өндірістік қауіпсіздік процестерін цифрландыру.
- Шығарындылар мен эмиссияларды дәл есептеу.

- Жарақаттар мен оқиғаларды уақытылы анықтау және алдын алу.
- Есептіліктің айқындығы.
- Болжамды талдама.
- Нақты уақыт режиміндегі қауіпсіздік индикаторларына мониторинг және үздіксіз бақылау.

ЭДТ АБЖ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін «Энергиядиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесін (бұдан әрі – ЭДТ АБЖ) локомотивтерге енгізу жөніндегі стратегиялық жобаны іске асыру аясында жүйені пайдаланудың кешенді қызметін, оның ішінде электрлі тасығыштар мен жылумен тасығыштардың техникалық параметрлерін жинау мен беру, отын-энергетикалық ресурстарды есепке алу, машинистің электрондық бағытын жүргізу, локомотив бригадаларының жұмыс уақытын есепке алу қызметін және ЭДТ АБЖ басқа да көзделген функционалын (2012 жылдан бастап, яғни 10 жылдан астам) ұсына отырып, ЭДТ АБЖ көп деңгейлі жүйесін толық ачқтап енгізу жұмыстары жүргізілді.

АСУ магистраль

2023 жылы «Транстелеком» АҚ сервистік модель арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін 6 ең жаңа мобильді диагностикалық кешенді енгізу және магистральдық темір жолдарды диагностикалау қызметтерін көрсету арқылы «Магистраль» АБЖ жобасын табысты іске асыруды жалғастырды. Бұл жобаның бірегейлігі диагностикалауға жаңа тәсілді әзірлеуде, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруда, бақылау мен талдауды орындауда, темір жол диагностикасы саласында жаңа әзірлемелерді енгізуде. Жобаны іске асыру басталғаннан бері ақауларды анықтай отырып, 300 мың шақырымнан астам темір жол диагностикаланды.

Сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та ТЖ ІЖБТ бағдарламалық жасақтамасы пайдалануға берілді, оның көмегімен түйіспесіз жолдың істен шығар алдындағы жай-күйіне сәтті болжамды талдау жүргізіледі. Анықталған/болжанған ақауларды уақытылы жою пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін жеткілікті жоғары деңгейде сақтауды қамтамасыз етеді.

2023 жылғы қазанда «Транстелеком» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Жолды диагностикалау орталығына» атаулы сату жолымен 6 бірлік мобильді диагностикалық кешенді іске асырды.

E-Telegram

E-Telegram құру жеделхаттарды электрондық пішімде жіберу және алу, «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының барлық бөлімшесінің қызметін бірыңғай интеграциялық кеңістікте, корпоративтік құрылымның барлық элементі мен осы саладағы жетекші процестер арасындағы өзара байланыста жүзеге асыру саласындағы кешенді басқаруға бағытталған.

E-Telegram-да шешілетін міндеттер:

- жеделхаттарды жіберу және алу процестерін автоматтандыру;
- ДУ-61 электрондық нысандарын және ДУ-60 нысанындағы кітапты жасау;
- жеделхаттардағы міндеттердің орындалуын мониторингілеу және талдау;
- жіберілген және алынған жеделхаттардың барлық түрі бойынша статистикалық деректерді жүргізу;
- жіберілген және алынған жеделхаттар бойынша ақпаратты жүйелеу және сақтау;
- жүйелі болжау және бағалау негізінде тәуекелдердің туындауының алдын алу;

- тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ететін басқару құралдары мен механизмдерін жасау;
- міндеттердің уақытылы орындалуын бақылау;
- есептік-есепке алу құжаттамасын жасау, оны өңдеуді және басқарудың барлық деңгейі бойынша көбейтуді жылдамдату, деректер мен олардың негізіндегі басқарушылық шешімдердің айқындығын қамтамасыз ету;
- Компания басшылығына статистикалық және талдамалық ақпарат беру сапасын, оның толықтығы мен уақытылы ұсынылуын арттыру.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бүкіл Компаниялар тобы бойынша жеделхаттарды жіберу және алу процестері автоматтандыру объектілері болады.

2022 жылы Алтынкөл, Достық, Сарыағаш түйіспе станцияларында ЖТНЖБ-1, 3, НЖС-1,3 бойынша функционалдарды сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілді:

- Жүйеде тіркеу/авторизациядан өту;
- Жеделхатқа электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ҚР ҰКО ЭЦҚ) қол қою;
- Жауапты адамды тағайындау, жеделхатты жабу;
- ДУ-61 нысанындағы ескертулер бланкілерін жасау;
- ДУ-60 нысанындағы кітапты енгізу;
- Ауысым жұмыскерлері арасында ауысымды өткізу функционалы;
- Пайдаланушыларға push-хабарламалар және қоңырау шалу арқылы хабарлау;
- Кіріс және шығыс жеделхаттар статистикасы;
- Экспедиторларға вагонды ағыту туралы хабарлау.

1 мамырдан 1 қыркүйекке дейін ЦЗ К.Е. Алмағамбетовтің 02.05.2024 ж. № 0001А телеграфтық нұсқауы негізінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ барлық құрылымдық бөлімшесінде Жүйені тәжірибелік пайдалану басталды, тәжірибелік сынақтар аяқталғаннан кейін Жүйе өнеркәсіптік пайдалануға енгізіледі.

Темір жолдарға қызмет көрсету үшін үлкен деректер

Жобаның мақсаты Халықаралық темір жолдар одағы үшін Қазақстан темір жолындағы жол шаруашылығы объектілеріне оңтайлы қызмет көрсету жөніндегі мол деректі талдау құралдарын қолдану тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу болды.

Ғылыми-зерттеу жұмысында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының темір жолды диагностикалау мен күтіп ұстауды бақылаудың ағымдағы жай-күйі көрсетілді, әлемдегі темір жол көлігін цифрландыру тәжірибесіне және Big Data және жасанды интеллект технологияларын қолдануға талдау жүргізілді. Темір жол компоненттерінің жай-күйін мониторингілеу және диагностикалау әдіснамасына сипаттама берілді. Темір жолдың жай-күйіне кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік беретін жасанды интеллект технологияларын қолдану сипаттамасы және 2D(3D) макеті жасалды, зерттеу объектісі ретінде пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің негізі ретінде темір жолдардың жай-күйі жөніндегі диагностикалық деректер айқындалды. Жоба Халықаралық темір жол одағының комиссиясына сәтті тапсырылып, оң бағасын алды.

ТӨА АЖ

Жобаның мақсаты – темір жол станцияларының техникалық-өкімдік актілерінің бірыңғай нормативтік дерекқорын жүргізу процестерін автоматтандыру, станциялардың техникалық-өкімдік актілерін жасау және жаңарту бойынша персоналдың қызметін автоматтандыру, сондай-ақ барлық деңгейдегі пайдаланушыларды ақпаратпен қамта-

масыз ету. Қазір тапсырыс беруші тарапынан 2024-2025 жылдарға арналған бюджет қаражатын іздестіру жұмысы жүргізілуде.

ҚР аумағында микропроцессорлық, релелік-процессорлық орталықтандыруды, автоматты түрде бұғаттау жүйелерін оқшаулау

Жоба пойыздар қозғалысын басқару жүйелерін (электрлік орталықтандыру, автоматты түрде бұғаттау бекеттік құрылғылары) кезең-кезеңмен жаңғыртуға бағытталған. Қолданыстағы темір жол автоматикасы жүйелері моральдық және физикалық тұрғыдан (80%-дан астамы) ескірген. Магистральдық желіде учаскелерді бөлу, сондай-ақ өндірісті оқшаулау мәселелері пысықталуда.

Бұл жүйелер учаскелердің өткізу қабілетін арттыруға, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ оқшаулау есебінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Достық – Мойынты темір жол көлік дәлізін жаңғырту

Осы жоба бойынша конкурс өткізілді, «INTEGRA CONSTRUCTION KZ» ЖШС-мен шарт жасалды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылық деңгейінде қатысушылармен бірлесіп, біздің техникалық шешімімізді УТАБ-А автоматты түрде бұғаттау жүйесі бөлігінде қолдану мәселесі пысықталуда. Бұл мәселе оң шешімін тапқан жағдайда осы жобаны іске асыруға қатысу жоспарлануда. Бүкіл жобаны іске асыру мерзімі 2023–2025 жж.

30 бекеттерінің алғашқы панельдерін ауыстыру

«ҚТЖ» ҰК» АҚ электрлік орталықтандыру бекеттерінің алғашқы панельдері өздерінің нормативін екі есе орындап шықты, яғни оларды жаңасына дереу ауыстыру қажет.

Шағын станцияларда (30 тетікке дейін) және үлкен станцияларда (200 тетікке дейін), барлығы 300-ге жуық станцияны ауыстыру қажет. Брест электртехникалық зауытымен кездесу-келіссөз жүргізілді, ынтымақтастық жөнінде белгілі бір уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Осы бағыт бойынша қаржыландырудың әртүрлі нұсқаларымен ҚР-да оқшаулау және 2023–2025 жылдарға арналған бюджетке енгізу мәселелері қаралуда.

Қарағанды станциясының сұрыптау паркін жаңғырту

ҚТЖ» ҰК» АҚ БТ орынбасарының тапсырмаларының тізбесіне сай «Қарағанды сұрыптау станциясының қайта өңдеу қабілетін арттыру үшін Қарағанды станциясының сұрыптау төбешігін жаңғырту орынды екені анықтады.

Осы бағыт бойынша Ростов-на Дону қаласындағы «Югпро-автоматизация» ҒӨО» ЖШҚ-мен ынтымақтастық туралы мәселелер пысықталуда.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас офисінде жергілікті-есептеу желісін жаңғырту

Huawei жабдықтары негізінде 6000 пайдаланушыға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық офисінің ғимаратында сымсыз желі жабдықтарын жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Қазақстанда алғаш рет корпоративтік желі үшін ең жаңа WPA 3 қауіпсіздік хаттамасымен WiFi 6 (802.11ax) енгізілді.

Бұл хаттамада неғұрлым сенімді анықтап тану және криптографиялық төзімділікті арттыру үшін жаңа тәсілдер қолданылды. Бұл ретте қорғалу деңгейі түбегейлі жоғарылайды.

Сымсыз желімен қамту аймағы ұлғайтылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ желісіндегі жылжымалы құрамның бейне-талдамасының автоматтандырылған жүйесі» сынамалы жобасы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ сынамалы жобасын жүргізу үшін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы – «ЖТ Шымкент бөлімшесі» Сарыағаш станциясы таңдалды.

Сынамалы жобаның мақсаты – «ҚТЖ» ҰК» АҚ объектілерінде «Транстелеком» АҚ жылжымалы құрамының жұмыс автоматтандырылған бейне-талдау жүйесінің техникалық құжаттамада айқындалғандай жұмысқа қабілеттілігі, тиімділігі, дәлдік көрсеткіштері және қолдану мүмкіндігі туралы дәл ақпарат алу.

Жүйе мыналарға арналған:

- оператордың көзбен шолып бақылауын автоматтандыру және жылжымалы құрамның қозғалуы барысында жылжымалы құрам мен жүктердің жай-күйін бейнетіркеу, темір жол станциясы персоналының

жұмысын оңтайландыру, қабылдау-тапсыру операцияларын жеделдету, вагондарды қарап-тексерумен айналысатын жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсарту және қауіпсіздік деңгейін арттыру;

- қозғалмалы жылжымалы құрамның бейнежазбасын көрсету және сақтау, қажетті кезең ішінде толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін оқиғалар журналын автоматты түрде хаттамалау;
- пойыз, вагондар, контейнерлер туралы ақпаратты салыстыру және талдау, бейнебақылау камераларынан және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың қолданыстағы ақпараттық жүйелерінен алынған ақпарат негізінде вагондардың техникалық қызмет көрсетуден өткен және жол жүрген күндерін бақылау.

2023 жылы жүйе сынамалы жобалар аясында мыналарды тексерді:

- 360 000-нан астам вагон;
- 7200-ден астам пойыз;
- тану жүйесін жетілдіру;
- жүйенің тану дәлдігінің пайызы шамамен 97%-ды құрады.

«КСО» АҚ желісіндегі жылжымалы құрамның өтуін автоматтандырылған бақылау жүйесі» сынамалы жобасы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін сынамалы жобаны жүргізу үшін «Павлодар-Порт» станциясы, «КСО» АҚ-қа тиесілі жолдар анықталды.

Сынамалы жобаның аясында тапсырыс беруші мынадай міндеттер қойды:

- қажетті уақыт аралығында мұрағатты көру мүмкіндігімен камералардан құрамның бейнетіркеуден өтуін жазу;
- қозғалыс бағытына қарамастан, құрамның «басынан» вагондар санын есептеу (локомотивтерді қоспағанда);
- қозғалыс бағытына қарамастан, құрамның «басынан» доңғалақ жұптарының санын есептеу (локомотивтерді қоспағанда);
- вагонның борты мен жиегінен вагондардың нөмірлерін анықтау және тану (оқып, кейіннен цифрлық пішімде сақтау);
- қажетті уақыт аралығында екі бағыттағы вагондардың/доңғалақ жұптарының саны туралы есеп жасау.

Зерттеп-тексеру жүргізілді және «ҚТЖ» ҰК» АҚ электр қуат көзі желісіне қосылуға және ОТ жалға алуға ТТ сұратылды. Сынамалы жобаны іске асыру бойынша бірлескен жол картасы әзірленді.



Стратегиялық жобаларды дамыту

2023 жылы «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ТЫҢ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫН ДАМУ ТҰЖЫСЫ РЕТКЕ КЕЛТІРІЛДІ.

«Транстелеком» АҚ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың (2022 жылғы 28 сәуірдегі № 22-1543-2 қбп) тапсырмасын орындау және ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысымен бекітілген «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын іске асыру аясында Стратегиялық жобаларды дамыту жөніндегі блок командасы мемлекеттік электрондық сервистерді орналастыру үшін Астана қаласында 200 АТ-бағанға арналған Деректерді өңдеу орталығын (ДӨО) салуды іске асыруды сәтті аяқтады.

Біздің ДӨО серверлік жабдықты, желілік инфрақұрылымды және деректерді сақтау жүйелерін орналастыруға және пайдалануға арналған арнайы кешен іспеттес. ДӨО-ның негізгі міндеті – мемлекеттік электрондық сервистер үшін IT-ресурстардың тұрақты, тоқтаусыз және қорғалған жұмысын қамтамасыз ету.

2,5 га оқшауланған учаскеде пайдалану қызметіне арналған екі қабатты офис ғимаратының құрамында ауданы 8 000 шаршы метрден асатын ДӨО ғимараты орналасқан, оған 10 адамға арналған конференция залы, 52 жұмыс орнына арналған Open-space және Коворкинг аймақтары, асүй, демалыс бөлмелері кіреді.

Озық технологияға – әрқайсысының қуаты 1500 кВт болатын 6 бірлік мөлшеріндегі дизель-роторлы үздіксіз қуат беру көзі (ДРҮҚК) негізінде үздіксіз электрмен қамтамасыз ету. ДРҮҚК – Tier III стандартындағы ақпарат орталықтарын үздіксіз электрмен қамтамасыз ету үшін тиімді шешім.

Серверлік жабдық ақпараттық ортаның аса маңызды объектілерін тиімді пайдалануды және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, қуаты 10-нан 15 кВт-қа дейінгі 47 юнит АТ-тіректерге орналастырылады.

ДӨО кешенді қауіпсіздік жүйесіне қолдануға рұқсатты бақылау және басқару жүйесін, тәулік бойғы мониторинг және бейнебақылау диспетчерлік орталығы біріктірілген. Периметрді қорғау жүйесі тәулік бойы күзетілетін, тексермелеу жабдықтарымен және таранға қарсы бөгеуші тосқауылдармен жабдықталған екі бақылау-өткізу пункті түрінде болады.

ДӨО – сақтауды ұйымдастырудың және деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің дұрыс тәсілін қамтамасыз ететін деректерді тиімді өңдеу негізі.

Қазіргі уақытта ДӨО пайдалануға берілді және барлық инженерлік желілер, оның ішінде «Транстелеком» АҚ газ құбырын «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ желілеріне ойылған нүктеден ДӨО аумағындағы блоктық модульдік қазандыққа дейін қосу жүргізілді.

Қоғамның штатында Стратегиялық жобаларды дамыту блогы жеткілікті құзыретке ие және жобалау қызметімен айналысуға 1-санаттағы бас лицензиясы бар.

2023 жылы «Транстелеком» АҚ «Солтүстік Қазақстан электр желісін тарату компаниясы» АҚ-пен жасасқан мердігерлік шарттар аясында мынадай объектілер бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын ала отырып, жобалау-металық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары сәтті жүргізілді:

1. **220/110/35/10 кВ «Тимирязево» ШС қайта құрылымдауға жобалау-металық құжаттама әзірлеу;**
2. **220/35/10 кВ «Смирново» ШС қайта құрылымдауға жобалау-металық құжаттама әзірлеу;**
3. **220/110/10 кВ «Сібір» ШС қайта құрылымдауға жобалау-металық құжаттама әзірлеу;**
4. **220/110/35/10 кВ «Қиялы» ШС қайта жаңартуға жобалау-металық құжаттама әзірлеу.**

Жобалау-металық құжаттаманы әзірлеуге мыналар кіреді: ақаулық актісі; техникалық жоба; жұмыс жобасының төлқұжаты; объектінің энергетикалық төлқұжаты; мынадай бөлімдерді қамтитын жалпы түсіндірме жазба: бас жоспар және көлік; технологиялық шешімдер; сәулеттік-құрылыстық шешімдер; инженерлік жабдықтар, желілер мен жүйелер; төтенше жағдайлардың алдын алу іс-шаралары; құрылысты ұйымдастыру жобасы; қоршаған табиғи ортаны қорғау; металық құжаттама; құрылыс объектісінің жұмыс сызбалары; негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары, құрастырымдары мен жабдықтары қажет екендігі туралы жиынтық ведомость; оң сараптамалық қорытынды.

Ұсынылған әзірленген ЖСҚ құрамы мен кешенділігі мынадай құқықтық актілерге сәйкес жасалды: «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР заңы) (бұдан әрі – Заң) – 60-бап; ҚР ҚН 1.02-03-2022 «Құрылысқа жобалау-металық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және құрамы».

«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» ЖШС-мен «ЖЭС, 2-ЖЭО, 1-ОТШС, Ақтау қ. «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС негізгі, резервтік қорғаныштытарын және Л-110-Ц-1, 2, 3, 4 автоматикасын жаңғырту, АТҚ-110 Кв ТОВЖ орау» жобалары бойынша мердігерлік шарттар аясында 27.06.2023 ж. шығыс № 15-0145/23 оң кешенді ведомстводан тыс сараптама алу арқылы ЖСҚ сәтті әзірленді.

Жұмыс жобасында жаңғыртудың 3 кезеңі көзделген:

- **1-кезең:** ұзындығы 18,858 шақырым ТОВЖ төсеу;
- **2-кезең:** 1-ОТШС мен 2-ЖЭО-ны жаңғырту;
- **3-кезең:** 1-ОТШС мен ЖЭС-ті жаңғырту.



Жұмыс жобасы жобалауға арналған тапсырмаға, бастапқы деректерге, техникалық шарттар мен талаптарға сәйкес қажетті көлемде әзірленді және Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келеді және белгіленген тәртіппен бекіту үшін ұсынылады.

Барлық жобалық шешім Электр қондырғыларын орнату қағидаларына (ҚР ЭОҚ), қолданыстағы мемлекеттік нормаларға, қағидаларға, стандарттарға, сондай-ақ байланыс құрылысжайларын жобалау мен салу тәртібі белгіленетін ведомстволық нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданды.

2022 жылдың басынан бастап В2SP В2G блогымен бірлесіп Эмиссиялар мониторингінің бірыңғай ақпараттық жүйесіне беру үшін ERG Еуразиялық тобының 9 өнеркәсіптік кәсіпорны үшін зиянды заттар шығарындыларын мониторингілеудің автоматтандырылған жүйелерін жобалау, техникалық шешімдерін әзірлеу және салу жөніндегі жобаларды іске асыруға кірісті, бұл ластаушы заттардың шығарындыларын нақты уақыт режимінде бақылауға, сондай-ақ азаматтарға атмосфералық ауаның жай-күйі мен сапасы туралы хабарлап отыруға мүмкіндік береді.

Біз тек ішкі клиенттермен жұмыс істемейміз, сонымен қатар мемлекеттік және өзге де электрондық порталдарда қызметтерді сатып алуға қатысуға бағытталған векторды дамыту маңызды міндет болып табылатын жобалық қызметтердің бәсекелі нарығына шығуға ұмтыламыз.

Біздің клиенттеріміз – бұрыннан бері ірі компаниялар: «Солтүстік Қазақстан электр желісін тарату компаниясы» АҚ, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, ERG Еуразиялық тобының кәсіпорындары.

Аймақтық бизнесті дамыту

(B2R сегменті)

АЕМ-дегі байланыс қызметтері

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және «Транстелеком» АҚ–тың «SilkNetCom» ЖШС компаниясымен бірлескен МЖӨ жобасын іске асыру аясында 5,6 мың шақырым желі пайдаланылуда. «Транстелеком» АҚ интернетпен қамтамасыз еткен АЕМ-нің жалпы саны ағымдағы жылдың ақпан айындағы жағдай бойынша 568 ауылды, оның ішінде МЖӨ жобасы аясында 431 ауылды құрайды.

Жамбыл облысының Қамқалы, Шығанақ, Жайлаукөл, Ұлан-бел сияқты ауылдық елді мекендерінде биіктігі 60 метр, 6 дана антенна-діңгек құрылысжайы (АДҚ) орнатылды, ол 50 шақырымнан астам қашықтыққа 1 Гб жылдамдықпен интернет жеткізеді.

Кабельдік кәрізді кеңейту

«Транстелеком» АҚ кабельдік кәріз желілерін кеңейту жұмыстарын жалғастыруда. Мәселен, 2023 жылы жергілікті атқарушы органдардан 23 шақырым кабельдік кәріз желілері сенімгерлік басқаруға және пайдалануға қабылданды.

Co-Location және Cloud қызметтері

TIER III халықаралық бұзылуға тұрақтылық стандарты бойынша құрылған Деректерді өңдеу орталықтарының (ДӨО) қызметі аясында 2023 жылы B2R сегментінде Co-Location және IaaS қызметтерін сату өткен жылмен салыстырғанда артты:

- Co-Location бойынша кірістер 77,5%-ға артты;
- IaaS бойынша кірістер IaaS 66,1%-ға артты.

«ҰАТ» АҚ жобасын іске асыру

«Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының ұлттық операторы «ҰАТ» АҚ – «Транстелеком» АҚ-тың негізгі корпоративтік және стратегиялық клиенттерінің бірі.

«Транстелеком» АҚ пен «ҰАТ» АҚ арасында IP VPN байланыс арналарын жалға беру қызметтерін ұсыну аясында тығыз ынтымақтастық жалғасуда.

2023 жылы арналарды қосу орындарының саны артты, бұл кіріс көрсеткіштерінің артуына әкелді. 2022 жылға қарай өсу қарқыны 193,6%-ы құрады.

Жобалар

Соңғы үш жылда B2R сегменті өңірлерде жаңа сервистер мен өнімдерді іздеу және іске асыру қызметін жандандырды.

Мәселен, 2023 жылы мынадай жобалар іске асырылды:

- бейнебақылау және КББЖ;
- өрт/күзет дабыл жабдығына/сөндіру/бейнебақылау жүйелеріне және осыған ұқсас жабдыққа техникалық қызмет көрсету, АТ саласындағы толық аяқталған кешенді жұмыстар;
- инфрақұрылым желілерін салу;
- жарықтандыру жүйесін құрастыру;
- IT-инфрақұрылымды басқару қызметтері;
- басып шығару сервисі;
- бейнеконференция байланысын ұйымдастыру;
- IT-шешімдерге техникалық/сервистік қызмет көрсету;
- ЖСҚ әзірлеу/есептеу/құрастыру жұмысы;
- ТОБЖ шығару жұмыстарын орындау қызметтері;
- GPS-мониторинг жүйесі арқылы автокөлік құралын мониторингілеу қызметтері және басқалар;
- электрондық портфолио;
- E-kitaphana.

Бұдан басқа 2023 жылдың басынан бастап «Транстелеком» АҚ брендімен Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметтер көрсету жобалары, «FoodCard», «E-HUB» және «Жайлы мектептер» сияқты сервистер іске асырылды.

«FOOD Card» – ақылы және тегін тамақтануды бекіту

Food Card – ақы төленуін және тегін тамақ берілуін бақылаудың инновациялық жүйесі. Бұл карта «Бірыңғай карта» қағидатына сәйкес білім беру мекемелеріндегі процестерді автоматтандыруға арналған. Ол «әрбір бала дәстүрлі қағаз түріндегі тамақ алу талонының орнына пластикалық немесе электрондық карта алады» деген қағидатпен жұмыс істейді.

Тіркеу карта мен USB-оқығышты пайдалана отырып жүргізіледі. Бұл процесс тіркелген деректер негізінде толық есеп жасауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ақылы және тегін түскі асты есепке алуды жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар білім беру мекемелерінде тамақтануды барынша дәл әрі сенімді басқару үшін жүйемен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

E-HUB

Жобаларды біріктіретін бірыңғай платформа, электрондық портфолио, E-kitaphana, FOOD Card. Бұл платформа Қостанай облысында енгізілген. 16 мектеп қосылды.

Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында МЖӘ арқылы іске қосу жоспарлануда.

Жайлы мектептер

Жоспар бойынша 360-тан астам мектеп салынуға тиіс білім беру саласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру мақсатында Қоғам мектептерді жоғары жылдамдықты интернетке қосуды және қызметтердің кең шоғырын ұсынуды көздеп отыр.

2023 жылы осы жобаның аясында Қоғам ҚҚЖ орындалу барысын бақылау үшін бейнебақылауды ұйымдастыру мақсатында 41 мектепте құрылыс салушыларға Интернет желісін қолдануға рұқсат беру қызметін көрсетті.

MERGEN

Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының «Түркістан

облыстық архиві» КММ-мен жасалған шарттың аясында жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Түркістан – Шымкент – Қызылорда трассаларында «Sergek» камераларына балама болып табылатын 54 «MERGEN» аппараттық-бағдарламалық кешені орнатылды. «MERGEN» көлік құралдарының жол қозғалысы қағидаларын бұзуын бағдарламалық-аппараттық тіркеу кешендерін пайдалану көлік ағынын басқаруды ұйымдастыру үшін жолдағы жағдайды бақылауға, нұсқамалар жасай отырып, құқық бұзушылықтарды жедел тіркеуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа кешенді пайдалану қала бюджетіне айтарлықтай кіріс әкеледі. 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша салынған айыппұл сомасы 700 млн теңгені құрады.

Орман өртін ерте анықтау жүйесі

«Транстелеком» АҚ «Көкшетау» МҰТП үшін «Орман өртін ерте анықтау жүйесі» аппараттық-бағдарламалық кешенін ұйымдастырды. Негізгі мақсат – аумақты бейнемониторингілеу және операторға дабыл сигналдарын бере отырып, автоматты режимде және қолмен реттеу режимінде өртті ерте анықтау. Жоба мынадай міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді:

- түтінді және/немесе өртті 365/24 бойы автоматты режимде анықтау;
- орман алқабындағы төтенше жағдайларға орай жедел әрекет ету;
- бөлімшелердің қазіргі өзара іс-қимыл процестерін автоматтандыру.

Жылдық есеп 2023

ТҰРАҚТЫ ДАМУ



«Транстелеком» АҚ-ның орнықты даму саласындағы қызметі бизнесті жауапкершілікпен жүргізу қағидатына және инновациялық әлеуетке негізделеді

- 031 Кадрлық саясат
- 037 Қоршаған ортаны қорғау
- 038 Сатып алуды ұйымдастыру

3 197

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
ЖАЛПЫ САНЫ –
3 197 АДАМ

1 159

2023 ЖЫЛЫ ОҚЫТУДАН
ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДАН
ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ
1 159 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ӨЗ ҚЫЗМЕТІНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗЕ ОТЫРЫП, ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ 17 МАҚСАТЫН БҰЛЖЫТПАЙ ОРЫНДАЙДЫ. «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ӘРБІР ТДМ КӨРСЕТЕТІН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМАЛАР ӨЗЕКТІ ЕКЕНІН ЖӘНЕ КЕЗ КЕЛГЕН ҰЙЫМҒА ӘСЕР ЕТЕТІНІН ТҮСІНЕДІ.

«Транстелеком» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы қызметі бизнесті жауапты жүргізу қағидатына және экономикалық өсу, экологиялық және әлеуметтік әл-ауқат үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын инновациялық әлеуетке негізделеді.

«Транстелеком» АҚ өзі қатысатын жерлерде халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, инновациялық технологиялардың, әлеуметтік және білім беру бағдарламаларының көмегімен өз қызметтерінің сапасын арттыруға, қызметінің айқын болуына, экологиялық мәселелерге теріс әсерді азайтуға назар аударады.

«Транстелеком» АҚ мынадай

қағидаттарды орындауды өз мойнына алды:

1

Адам құқықтарын сақтау саласында:

халықаралық қоғамдастық жариялаған адам құқықтарының сақталуын қолдау және оларды құрметтеу, адам құқықтарының бұзылуына өзінің қатысы болмауын қамтамасыз ету;

2

Еңбек қатынастары саласында:

қауымдастықтар бостандығын қолдау және іс жүзінде ұжымдық шарттар жасасу құқығын тану, мәжбүрлі еңбектің барлық түрін жоюды жақтау, балаларды еңбегін толық жоюды жақтау, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтау;

3

Қоршаған ортаны қорғау саласында:

қоршаған ортаға жағымсыз әсердің алдын алуға жәрдемдесу, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдау, экологиялық таза технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесу;

4

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында:

бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түріне қарсы тұру.

«Транстелеком» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы қызметі көбінесе телекоммуникация саласының ерекшелігімен айқындалады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар «Транстелеком» АҚ өмірінің іс жүзінде барлық саласына енгізілген және «Транстелеком» АҚ-тың дамуы үшін қозғаушы күшке айналды. Телекоммуникация нарығында ең заманауи технологияларды кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейімен ұштастыра отырып пайдалану мүмкіндігі «Транстелеком» АҚ-қа қазақстандықтардың жұмыс сапасы мен өмірін жүйелі түрде жақсарту беруге жол ашады.

Тұрақты даму – «Транстелеком» АҚ-тың бизнес-стратегиясының ажырамас элементі. Бұл қағидат біздің инновациялар деген көзқарасымызды, жаңа өнімдерді әзірлеу және енгізу тәсілімізді анықтайды.

«Транстелеком» АҚ Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі «Транстелеком» АҚ қызметінің басым бағыттарын және «Транстелеком» АҚ даму стратегияларын айқындайды, «Транстелеком» АҚ жылдық есебін бекітеді.

«Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен филиалдарының басқарушы директорлары «Транстелеком» АҚ Даму стратегиясы мен Даму жоспарының уақытылы іске асырылуын бақылауға, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы қағидаттарды енгізуге, ақпараттың дұрыс ашылуына жауапты болады. Төраға «Транстелеком» АҚ мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді қоса алғанда, «Транстелеком» АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы тиімді қызметін қамтамасыз етеді.



Кадрлық саясат

Қызметкерлерді дамыту

2022 ЖЫЛҒЫ 22 ЖЕЛТОҚСАНДА «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ТЫҢ 2023–2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА HR СТРАТЕГИЯСЫ БЕКІТІЛДІ. HR СТРАТЕГИЯСЫНДА МЫНАДАЙ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР АЙҚЫНДАЛДЫ:

Негізгі қызметкерлерді сақтап қалу

Негізгі қызметкерлерді сақтап қалу стратегиясы еңбекті ұйымдастырудағы мерзімді қиындықтарға және болашақта басқа жұмыс жөнінде тиімді ұсыныстардың болу ықтималдығына қарамастан, жұмыскерлерді штатта одан әрі жұмыс істеуге қызықтыруға бағытталған. «Транстелеком» АҚ табысқа жетуі үшін жұмыскердің позитивті ойлауы мен ынтасын сақтау өте маңызды. Қызметкерлерді сақтап қалу бағдарламасын іске асыру – жұмыскерлерді жұмыспен қамтудың және өнімділікті арттыру үшін үйлестірілген еңбек режимін қамтамасыз етудің тиімді тәсілі. Негізгі қызметкерлерді сақтап қалу стратегиясын іске асыру аясында мынадай міндеттер шешіледі: ауыспалы сыйақы жүйесін әзірлеу, қызметкерлердің адалдық бағдарламаларын әзірлеу, дарындылар ортақтастығын дамыту.

Корпоративтік университетті дамыту

«TTC GREEN University» корпоративтік университеті (бұдан әрі – КУ) ішкі оқыту жүйесі ретінде «Транстелеком» АҚ миссиясына және стратегиялық мақсаттарына сәйкес персоналды оқытуға, дамытуға бағытталған және басшылардан бастап мамандарға дейін барлық деңгейді қамтиды.

Білім мен дағдыларды жинақтау, сақтау және беру үшін оқыту инфрақұрылымын қалыптастыру; жаттықтырушылық институтын дамыту және дарынды барынша ашу; басқарушылық, кәсіби (hard), «жұмсақ» (soft) дағдылармен оқытудың кешенді жүйесін құру КУ негізгі басымдықтары болып айқындалды. Бұл бағытқа қашықтан оқыту жүйесін дамыту, ішкі жаттықтырушыларды дамыту және кешенді бағдарламаларды әзірлеу кіреді.

Құзырет орталықтарын дамыту

«Транстелеком» АҚ-тың Даму стратегиясына сәйкес «Транстелеком» АҚ-тың табысты қозғалысын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі – жобалық бизнес-модель жеке клиентке де, бизнес-клиентке де, жаппай барлық клиентке бағдарланған өнімдік бизнес-модельмен толықтырылған кезде аралас бизнес-модельге көшу.

Осыған байланысты өнімдерді әзірлеу; деректерді өңдеу орталықтары; сәулет саласындағы құзыреттілік орталықтарын дамыту қажет.

Атауы	Өлшем бірлігі	2020	2021	2022	2023
Қызметкерлердің жалпы саны	адам	3 183	3 358	3 453	3 197
Еңбекақы төлеу шығыстары	млн теңге	10 602	11 955	14 767	13 014

«Транстелеком» АҚ 3 197-нан астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. «Транстелеком» АҚ қызметкерлері – тұрақты дамудың басты құрамдас бөлігі және «Транстелеком» АҚ қолайлы әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ерекше назар аударады. «Транстелеком» АҚ-тың кадрлық саясаты кадрлық әлеуетті нығайтуға, ынталандырудың тиімді жүйесін құруға және персоналдың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға бағытталған.

HR стратегиясын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- «Транстелеком» АҚ-тың адам капиталының сапасын дамытатын және арттыратын Кадрлық стратегияның стратегиялық бағдарланған моделін құру;
- персонал үшін білімді, дағдылар мен құзыреттілікті арттырғыш ретінде дамыған оқыту инфрақұрылымы мен жаттықтырушылар қоғамдастығы бар корпоративтік университет;
- Бизнестің қорытынды нәтижесіне әсер ететін қалыптастырылған жиынтық сыйақы жүйесі;
- өнімдерді әзірлеу, деректерді өңдеу орталықтары, сәулет сияқты басым бағыттар саласындағы дамыған құзыреттілік орталықтары.

«Транстелеком» АҚ-та Корпоративтік басқару кодексін, HR саясатын, қоршаған ортаны қорғау саясатын қоса

алғанда, «Транстелеком» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы іс-әрекеттерін реттейтін құжаттар әзірленді, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ-тың әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын айқындайтын корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты әзірленуде. Энергиялық тиімді және экологиялық таза технологияларды енгізу – «Транстелеком» АҚ қысқа және ұзақмерзімді жоспарларының міндетті құрамдас бөлігі.

«Транстелеком» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы іс-әрекеттері қолайлы еңбек жағдайларын жасауды, жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды, қатысатын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауды және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды білдіреді. «Транстелеком» АҚ өзінің мүдделі тараптарының экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әл-ауқаты қағидаттарын қатаң ұстанады және оны болашаққа инвестиция ретінде қарастырады.

3 197

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ
3 197-НАН АСТАМ АДАМДЫ ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Қызметкерлер құрамы


Персоналдың жасқа байланысты топтар бойынша құрылымы

	Барлығы	Персонал санаты			
		Басшылар	Мамандар/ қызметшілер	Жұмысшылар	
Тізімдегі саны	адам	3 197	444	2 155	598
	%	100	14	67	19
оның ішінде:					
25 жасқа дейінгілер	адам	286	40	193	53
	%	9,0	1,2	6,1	1,7
25-34 жас	адам	1 156	161	779	216
	%	36,1	5,0	24,3	6,8
35-44 жас	адам	894	124	603	167
	%	28	3,9	18,9	5,2
45-54 жас	адам	529	73	357	99
	%	16,5	2,3	11,2	3,0
55 жастан үлкен	адам	332	46	224	62
	%	10,4	1,4	7,0	2,0

Персоналдың гендерлік топтар бойынша құрылымы

	Барлығы	Персонал санаты			
		Басшылар	Мамандар/ қызметшілер	Жұмысшылар	
Тізімдегі саны	адам	3 197	444	2 155	598
	%	100	14	67	19
оның ішінде:					
ерлер	адам	1 863	315	1 389	159
	%	58	10	43	5
әйелдер	адам	1 334	129	766	439
	%	42	4	24	14

«Транстелеком» АҚ-қа 2023 жылы қабылданғаны, адам (ішкі аууыстыруды қоспағанда)




581

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ҒА
2023 ЖЫЛЫ 581 АДАМ
ҚАБЫЛДАНДЫ

2023 жылғы лауазымдар бойынша персоналдың тұрақтамауы, %



2023 жылғы персоналдың жасы бойынша саны, %



Нәтижелікті бағалау

	Барлығы	Персонал санаты			
		Басшылар	Мамандар/қызметшілер	Жұмысшылар	
Тізімдегі саны	адам	3 197	444	2 155	598
оның ішінде:					
ерлер	адам	1 863	315	1 389	159
әйелдер	адам	1 334	129	766	439

Әйелдер сыйақысының ерлер сыйақысына қатынасы

	Барлығы	Персонал санаты		
		Басшылар	Мамандар/қызметшілер	Жұмысшылар
Сыйақы	100%	14%	67%	19%
оның ішінде:				
ерлер	58%	10%	43%	5%
әйелдер	42%	4%	24%	14%


Қызметкерлерді оқыту

Қоғамның кадрлық саясатының негізгі бағыттарының бірі – персоналдың білім деңгейі мен дағдыларын арттыру жүйесін қалыптастыруға бағытталған персоналды оқыту және дамыту. Қызметкерлерді оқыту саясаты «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің кәсіби дамуын ұйымдастыру қағидаларының жиынтығына негізделген, бұл Қағидаларда персоналды кәсіби дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру мақсаттары, қағидаттары, талаптары, тетіктері және әдістері айқындалған. Бағдарламаларға біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, тренингтер және жаңа теориялық және практикалық

білімді жетілдіруге және алуға бағытталған басқа да іс-шаралар кіреді.

2023 жылы оқытудан және біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлер саны 1 159 адамды құрады, оның ішінде өндірістік персонал – 1 107 адамды, әкімшілік персонал – 52 адамды құрады. «Транстелеком» АҚ-тың 40 маманы, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік, экономика және қаржы, ақпараттық технологиялар инфрақұрылымы, желілік жабдық, бағдарлау және виртуалдандыру саласында сертификатталған.

«Транстелеком» АҚ сертификатталған мамандар санының артуы, адам




● до 2023 ● 2023

Әлеуметтік саясат

«Транстелеком» АҚ-тың әлеуметтік саясаты ынталандыру құралы ретінде персоналдың көңілі толуына тікелей әсер етеді, бұл өз кезегінде «Транстелеком» АҚ қызметінің өндірістік-экономикалық көрсеткіштеріне әсер етеді. Ол «Транстелеком» АҚ жұмыскерлерінің өмір сүру сапасын арттыруға, әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдарға (жұмыскерлер, зейнеткерлер, ҰОС ардагерлері және оларға теңестірілген адамдар және т.б.) көмек пен қолдау көрсетуге, персоналдың көңілі толу көрсеткіштерін арттыруға бағытталған.

Санаттар бойынша 2023 жылғы әлеуметтік шығыстар, мың теңге



- 461 050 ● Жұмыскерлер үшін төлемдер, материалдық көмек
- 109 114 ● Жұмыскерлердің балалары үшін төлемдер
- 33 712 ● Есепте тұрған зейнеткерлер үшін төлемдер

2024 жылға арналған ұжымдық шартта «Транстелеком» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасында материалдық көмек түріндегі әлеуметтік қолдаудың негізгі бағыттары көзделген:

- **жұмыскерлерге:** мерейтой күні келгенде, 8 наурызға орай сыйлықақы, баланың тууына, некені тіркеуге, тісті протездеуге, сауықтыруға және емделуге, жерлеуге, күтпеген жағдайларға байланысты материалдық көмекке, медициналық сақтандыруға. Бұдан басқа спортпен шұғылдану үшін үй-жайларды жалға алуға, сондай-ақ жекелеген пәндер бойынша турнирлерге қатысуға қаражат бөлінеді;

- **балаларға:** балаларды мектепке даярлауға, Балаларды қорғау күніне орай, Отбасы күніне орай, балалар мерекелеріне арналған іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, мүгедектігі бар баланы сауықтыруға;
- **«Транстелеком» АҚ-та есепте тұрған зейнеткерлерге:** мерейтой күнінің келуіне орай, зейнеткерді жерлеуге, ҰОС қатысушылар үшін және оларға теңестірілген адамдар үшін 9 мамырға орай төлемдер, Байланыс және ақпарат күні, Қарттар күні мерекелеріне орай төлемдер.

Бұдан басқа ҚР жоғары оқу орындарында ақылы негізде оқитын балалар үшін мүгедектігі бар баланы оқытқаны, оңалтқаны және сауықтырғаны үшін өтемақы, шығармашылық конкурстарға, спорт жарыстарына қатысуына, зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 3 жыл бұрын қызметкерлерді қысқартқан кезде өтемақы көзделген.

2023 жылы әлеуметтік жеңілдіктерге жұмсалған шығыстар 618 459 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылға қатысты алғанда 77%-ды құрайды. 2023 жылы «Транстелеком» АҚ бір жұмыскеріне орташа есеппен жұмсалған шығын 239 мың теңгені құрады.

Спорт және денсаулық

Салауатты өмір салтын насихаттауға көп көңіл бөлінеді және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларына тұрақты түрде қаражат бөлінеді. Спорт шараларын өткізу жұмыскерлерді салауатты өмір салтына, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тартуға, адамдарды спорт шараларына тартуға, салауатты өмір салты құндылықтарын насихаттауға бағытталған.

Пандемия басталғанға дейін «Транстелеком» АҚ спартакиадасы жақсы дәстүр әрі біздің корпоративтік мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болды.

2023 жылы 2023 жылғы маусымда Өскемен қаласында өткен Спартакиаданы ұйымдастыру іс-шарасы қайта басталды. Барлық өңірлерден келген командалар VI жазғы Спартакиадаға қатысты. Өткізілген сайыстар қорытындысы бойынша орталық аппарат командасы бірінші орынды иеленді.

«Транстелеком» АҚ кәсіподағы компания өміріне белсенді түрде қатысады. Мәселен, 2023 жылдың ішінде кәсіподақ арқылы жұмыскерлерді, олардың балаларын, жақын туыстарын емдеуге материалдық көмек көрсетілді. 8 наурыз, Наурыз мейрамы мерекелеріне орай іс-шаралар, сыйлық сертификаттары ұйымдастырылды.

Биыл 10 ерікті адам 20 ардагерге және 5 тыл еңбеккеріне барды.



Балаларды қорғау күніне орай жыл сайын жұмыскерлердің балаларына арналған іс-шаралар өткізіледі, ойын-сауық орталықтарына, балалар кафесіне сертификаттар берілді, сыйлықтар сатып алынды.



Ерікті медициналық сақтандыру

Жыл сайын «Транстелеком» АҚ жұмыскерлері ауырған жағдайда ерікті сақтандыру қызметтерін пайдаланады. 2023 жылы компания «Халық» СК» АҚ-пен шарт жасасты. Бір жыл ішінде 5 642 адам сақтандыру қызметін пайдаланды, оның ішінде 2 442-сі – жұмыскер және 3 200-і – отбасы мүшелері. Сақтандыру сыйлықақысының сомасы 317 737 теңгені құрады.

ҚР ЖОО-мен өзара іс-қимыл

«Транстелеком» АҚ тәжірибесі және тағылымдамасы

187 студент тәжірибеден өтті



18 студент ОА мен аймақтарға жұмысқа орналасты



Компанияда 30 меморандум қолданылады



Студенттер тәжірибеден өткен 38 бағыт (қызмет/бригада/учаске) бар



Сауалнама бойынша тәжірибеге көңілі толу деңгейі 96%-ды құрады



«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ КОМПАНИЯҒА ЕЛДІҢ ІРІ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫН ҚОСА АЛҒАНДА, БОЛАШАҒЫ БАР ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ ЖАСТАРДЫ ТАРТУ БОЙЫНША ҚР ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕ.

Қазіргі уақытта «Транстелеком» АҚ-та ынтымақтастық туралы 30 шарт/меморандум қолданылуда, оның ішінде үшеуі 2023 жылы жасалды: «Астана халықаралық университеті» ЖШС, «Қазақстан халықаралық лингвистикалық колледжі» ЖШС, «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КЕАҚ.

Өріптестік келісімдер аясында білім беру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру, студенттерге оқып жүрген мамандықтары бойынша тәжірибе ұйымдастыру, жас және болашағы бар студенттерді бизнес қажеттіліктеріне бейімдеу, жаңа әзірлемелер мен технологияларды енгізу бойынша дөңгелек үстелдер/конференцияларды бірлесіп өткізу және т.б. мәселелер бойынша ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

2023 жылы 187 студент өндірістік тәжірибеден өтті, оның ішінде құрылымдық бөлімшелерге жұмысқа орналастырылғаны – 18 адам. Тәжірибеден өтушілердің ең көп саны орталық аппаратта, сондай-ақ Павлодартранстелеком, Көкшетаутранстелеком, Өскементранстелеком, Семейтранстелеком, Шымкенттранстелеком филиалдарына шоғырландырылды.

Тәжірибе мен тағылымдамадан өтудің мақсаты – білім алушылардың кәсіби қызметте машықтары мен тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру. Тәжірибеден өтушілер өздерінің көптеген пікірлерінде тәлімгерлеріне алғыстарын білдіріп, «Транстелеком» АҚ-та оқып-үйрену бүгінде айтарлықтай бедел екенін атап өтті, өйткені жерде сіз АТ қызметтері нарығында қажетті білім мен дағдыларды дәл осы игересіз. «Транстелеком» АҚ дарынды студенттер, тағылымдамадан өтушілер және жас мамандар үшін сүйікті жұмыс орнына айналады деп сенгіміз келеді.

Жұмыскерлерді марапаттау және көтермелеу

«Байланыс және ақпараттандыру күні», «Қазақстан Республикасы күні»

Жыл сайын Байланыс және ақпараттандыру күні кәсіби мерекесінің, Қазақстан Республикасының күні қарсаңында «Транстелеком» АҚ еңбектегі жетістіктері және байланыс саласына қосқан елеулі үлесі үшін ведомстволық наградалармен марапатталады.

Биыл Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (ЦДИАӨМ) «Транстелеком» АҚ-тың 12 еңбек сіңірген жұмыскерін атап өтті, оның ішінде 6 жұмыскер ақпараттандыру саласындағы байланысты дамытуға қосқан зор үлесі, еңбекте үлкен нәтижелерге қол жеткізгені, кәсібилігі және тәлімгерлігі үшін «Үздік байланысшы» жоғары құрметті атағына ие болды.


Қоғамның 6 жұмыскері Құрмет грамоталарымен және ЦДИАӨМ Алғысхаттарымен марапатталды.

Біз Telco және IT қызметтерін сапалы түрде ұсыну мақсатында күнделікті жедел әрекет етуді, жедел араласуды, 24/7 орнынан табылуды қажет ететін күрделі міндеттерге тап болған әрбір жұмыскердің үлесін бағалаймыз.

«Транстелеком» АҚ марапаттары

«Транстелеком» АҚ-та материалдық емес көтермелеу жүйесі жұмыс істейді, оның аясында жыл сайын «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының атынан кәсіби қызметіндегі жоғары жетістіктері үшін ерекше көзге түскен қызметкерлер көтермеленеді.

2023 жылы Байланыс және ақпараттандыру күні, Республика күні мерекелеріне орай жоғары нәтижелерге қол жеткізгені, кәсібилігі мен шеберлігі үшін Құрмет грамотасымен және «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының Алғысхатымен 286 қызметкер марапатталды (оның ішінде өңірлерден – 159 адам; ОА – 127 адам).



Қоршаған ортаны қорғау

Экологиялық бастамалар және қоршаған ортаны қорғау тәсілі

«Транстелеком» АҚ – телекоммуникациялық және IT қызметтер көрсету, жобаларды іске асыру, инфрақұрылымды дамыту және пайдалану саласындағы қызметін жүзеге асыра отырып, «Транстелеком» АҚ-тың қызметі, кез келген басқа өндірістік қызмет сияқты қоршаған ортаға әсер ететінін толық түсінеді.

Басқа салалармен салыстырғанда телекоммуникация секторының қоршаған ортаға әсері салыстырмалы түрде төмен. «Транстелеком» АҚ қоршаған ортаға, денсаулыққа, қауіпсіздікке және өмір сапасына әсер еткені үшін өзінің жауапкершілігін мойындайды.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ортаны сақтау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану үшін барлық қажетті шараны қолданады. Табиғи ресурстарды құрметтеу және оларды пайдалануды барынша азайту. Тұрақты дамуға қол жеткізу үшін қоршаған ортаға әсерді азайту.

Компания қызметінің экологиялық аспектілерін басқару үшін корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі – экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылды.

«Транстелеком» АҚ ISO 14001 халықаралық стандартына және ұлттық стандартқа сәйкес сертифицираталған және өзінің ЭМЖ үнемі жетілдіруге тырысады.

ЭМЖ жұмыс істеп тұрған күйінде ұстау және оның көрсеткіштерін үнемі жақсарту үшін ЭМЖ ішкі құжаттары қолданылады:

- «Транстелеком» АҚ экологиялық саясаты;
- Экологиялық менеджмент саласындағы мақсаттар, міндеттер және бағдарламалар;
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару;
- Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулық;
- Құрамында сынап бар жабдықтармен және материалдармен жұмыс істеу;
- Экологиялық аспектілерді (бұдан әрі – ЭА) сәйкестендіру және бағалау;
- ЭА тізілімі;
- Маңызды ЭА тізілімі;
- Нормативтік талаптар тізілімі;
- ЭМЖ жөніндегі нұсқаулық.

«Транстелеком» АҚ біздің экологиялық саясатымыз бен мақсаттарымызды негізге ала отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы дамудың мынадай басым бағыттарын айқындады:

- Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

ISO 14001

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ISO 14001 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕС СЕРТИФИКАТТАЛҒАН

- үздік қолжетімді технологияларды енгізу арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді азайту арқылы экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- «Транстелеком» АҚ-да тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу;
- қоршаған ортаға теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін «Транстелеком» АҚ қызметінің маңызды экологиялық әсерін анықтау, сондай-ақ оны азайту шараларын әзірлеу және іске асыру;
- аумақтың өндірістік және тұрмыстық қалдықтардан ластануының алдын алу.

Экологиялық аспектілерді басқару үшін корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылатын экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылды. «Транстелеком» АҚ мынадай сертификаттар алды: ISO 14001 халықаралық стандарты бойынша сертифицираталған және өзінің ЭМЖ үнемі жетілдіруге тырысады.

2023 жылы «Транстелеком» АҚ қоршаған ортаны қорғау саласындағы ISO 14001 халықаралық стандартының және ұлттық стандарттың талаптарына сәйкестігіне қатысты инспекциялық аудиттен өтті.

«Транстелеком» АҚ ҚР табиғат қорғау заңнамасының талаптарын қатаң сақтайды және үнемі қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған бірқатар іс-шаралар-

ды іске асырады. Қоршаған ортаны қорғау шығындары бірнеше бөліктен тұрады:

- атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары, ағын суларды төккен кезде құрамында ластаушы заттардың болғаны үшін, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін экологиялық төлемдер;
- атмосфераға зиянды заттардың шекті рұқсат етілетін шығарындылары нормативтерінің жобаларын әзірлеуге инвестиция және атмосфераға ластаушы заттарды шығаруға, қоршаған ортаға әсерді бағалау жобаларын әзірлеуге рұқсат алу.

2022-2023 жылдар кезеңінде бақылаушы органдардан ескертулер түскен жоқ.

2023 жылы экологиялық заңнаманы сақтамағаны үшін айыппұл санкциялары және басқа да қаржылық емес санкциялар салынған жоқ.

Атмосфераға шығарындылар және климаттың өзгеруі

Сондай-ақ «Транстелеком» АҚ технологиялық жетілдіруді ұдайы енгізе отырып және ластаушы заттар шығарындыларын қысқартуға ықпал ете отырып, біздің қызметіміздің атмосфералық ортаға теріс әсерін азайтуды қамтамасыз етуге тырысады. Ол үшін «Транстелеком» АҚ атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын нақты азайтатын өндірістің экологиялық таза және энергиялық тиімді өндіріс технологияларын пайдаланады.

Экологиялық аспектілерді басқару үшін «Транстелеком» АҚ корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылатын экологиялық менеджмент жүйесін (ЭМЖ) құрды. «Транстелеком» АҚ ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкестігіне қатысты сертификатталған және ЭМЖ үнемі жетілдіру жұмыстарын жүргізеді.

Өндірістік қызмет аясында «Транстелеком» АҚ филиалдары тиісті рұқсаттар алады, сондай-ақ жыл сайын қадағалау органдарына статистикалық ақпарат ұсынады.


Сатып алуды ұйымдастыру

«Транстелеком» АҚ-та сатып алу «Транстелеком» АҚ-тың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу саясатына және «Транстелеком» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 02 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ-тың сатып алу қызметін басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылды.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттігі қызметтік және өндірістік қажеттілікті негізге ала отырып, «Транстелеком» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің өтінімдері бойынша қалыптастырылған «Транстелеком» АҚ бекітілген бюджеті негізінде айқындалады.

Өнім берушіні таңдау «Транстелеком» АҚ ішкі құжаттарында тәртібі белгіленетін, жүргізілген сатып алу рәсімдерінің нәтижелері бойынша айқындалады.

Жалпы сатып алу көлемі, %



«Транстелеком» АҚ-тың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу саясатына және «Транстелеком» АҚ-тың сатып алу қызметін басқару қағидаларына сай конкурс тәсілімен сатып алу бойынша өнім берушіні таңдау рәсімдері eep.mitwork.kz ақпараттық электрондық сатып алу жүйесінде жүргізіледі.

Бір көзден алу тәсілімен сатып алу бойынша өнім берушіні таңдау рәсімдері тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге бағалар нарығын зерделеу арқылы жүргізіледі, сапалы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді оңтайлы қолайлы бағамен сатып алу мақсатында және адал бәсекелестікті ескере отырып өндірушілерге/өнім берушілерге (дилерлерге, дистрибьютерлерге) сұратулар жолданады.

Сатып алу рәсімдерін жетілдіру және оңтайландыру мақсатында сатып алу жөніндегі ішкі құжаттарды жаңарту жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

«Транстелеком» АҚ-тың 2023 жылғы жалпы сатып алу көлемі 15 913 168 теңгені құрады, оның ішінде 3 988 423 теңге сомасына тауар, 4 136 081 теңге сомасына жұмыстар және 7 788 662 теңге сомасына қызметтер сатып алынды. Жалпы, «Транстелеком» АҚ сатып алу қызметін оңтайландыру, өндірістік қуатты арттыру және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық қажетті іс-шараны жүргізеді.

Жылдық есеп 2023

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Әлеуметтік әріптестік, өзара тиімді ынтымақтастық, құрмет, ашықтық және сенім – «Транстелеком» АҚ басшылыққа алатын негізгі ережелер болып табылады

040	Корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат
042	Директорлар кеңесі
043	Құндылықтар және этикалық принциптер
043	Мүдделер қақтығысы
044	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
045	Террористік қатерлерге қарсы тұру
045	Тәуекелдерді басқару
049	Ішкі аудит қызметі
049	Сапа менеджменті

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ІСКЕРЛІК
ЭТИКАНЫҢ МЫНАДАЙ ҚАҒИДАТТАРЫН
БАСШЫЛЫҚҚА АЛАДЫ:

АДАЛДЫҚ, ӘДІЛДІК,
АДАЛДЫҚ, АШЫҚТЫҚ,
ЖАУАПКЕРШІЛІК.

1 000

БІР АКЦИЯНЫҢ
НОМИНАЛДЫ
ҚҰНЫ – 1 000 ТЕҢГЕ

Корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ БАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҮЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРЕДІ.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі мен атқарушы органы акционерлердің, инвесторлардың және менеджменттің мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, «Транстелеком» АҚ-ның табысты дамуын қамтамасыз етуге арналған тиімді корпоративтік басқаруды құрады.

«Транстелеком» АҚ-да бұзушылықтар туралы мәліметтерді жинау және құпия қарау тетігі жұмыс істейді. Сенім телефоны «Транстелеком» АҚ қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, кемсітушілік, сондай-ақ ҚР заңнамасының нормаларын өзге де бұзу фактілері туралы құпия мәлімдеуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқарудың негізгі принциптері

«Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2022 жылғы 2 наурыздағы шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексінә сәйкес «Транстелеком» АҚ-дағы корпоративтік басқару акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделген және «Транстелеком» АҚ-ның тиімді қызметіне, оның ішінде «Транстелеком»

АҚ активтерінің өсуіне ықпал етеді және «Транстелеком» АҚ қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдау. Кодекстің негізгі принциптері:

- акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесі мен басқарманы тиімді басқару қағидаты;
- «Транстелеком» АҚ Дербес қызметінің принципі;
- ашықтық принципі және «Транстелеком» АҚ қызметі туралы ақпаратты ашудың объективтілігі;
- заңдылық және этика принциптері;
- дивидендтік саясаттың тиімділік принциптері;
- тиімді кадр саясатының принциптері;
- қоршаған ортаны қорғау принципі;
- корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- жауапкершілік принципі.

Осылайша, «Транстелеком» АҚ корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына толық сәйкес әрекет етеді, бұл акционерлерге менеджмент қызметін тиімді бақылау және мониторингтеу мүмкіндігін береді және инвестициялық тартымдылықты арттыруға ықпал етеді.

Корпоративтік басқару құрылымы

Корпоративтік басқару бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторы және басқарушылық және инвестициялық шешімдер қабылдаудағы маңызды критерийлердің бірі болып табылады. Сапалы және тиімді корпоративтік басқару ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді, тәуекелдерді тиімді басқаруды және ішкі бақылаудың сенімді жүйесін қамтамасыз етеді.

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУГЕ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН САҚТАУҒА АЙТАРЛЫҚТАЙ КӨҢІЛ БӨЛЕДІ.



Акционерлік капитал құрылымы және бағалы қағаздар

«2014-2016 жылдарға арналған Жекешелендірудің кешенді жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 қаулысына сәйкес «Транстелеком» АҚ жекешелендіруге және бәсекелестік ортаға иеліктен шығаруға жататын компаниялар тізіміне енді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ акционерлері: «Қазақстан Темір Жолы «Ұлттық компаниясы» АҚ – иелену үлесі 25% плюс 1 акция, «Unit Telecom» ЖШС – иелену үлесі 75% минус 1 акция болып табылады.

«Транстелеком» АҚ жарияланған жай акцияларының жалпы саны 6 471 089 дана құрайды, оның ішінде: 5 638 097 дана орналастырылған, 832 992 дана орналастырылмаған. Бір акцияның номиналды құны – 1 000 теңге. Артықшылықты акциялар қарастырылмаған.

2023 жыл ішінде «Транстелеком» АҚ жарғылық капиталында өзгерістер болған жоқ және қосымша акциялар орналастырылмады.

Жарияланған жай акциялар саны – 6 471 089 дана.

Орналастырылған акциялар саны – 5 638 097 дана.

Орналастырылмаған акциялар саны – 832 992 дана.

Бір акцияның номиналды құны – 1 000 теңге.

Акцияларды орналастырудан тартылған ақшалай қаражат сомасы – 12 241 487 мың теңге.

Қосымша төленген капитал

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 22 шілдедегі шешімімен ішкі нарықта 22 000 000 мың теңгеден аспайтын сомаға облигациялар шығару туралы шешім қабылданды. Облигациялар шығару проспектісіне сәйкес шығарылған облигациялардың айналым мерзімі – 12 жыл.

2020 жылғы 10 қаңтарда «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі АҚ қазақстандық қор биржасында шығарылған «Транстелеком» АҚ облигацияларын жылдық 11,5% купондық мөлшерлеменен 10 000 000 мың теңге мөлшерінде сатып алды. 2023 жылғы қаңтарда «Транстелеком» АҚ 2 000 000 мың теңге сомасына облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуды жүзеге асырды.

2021 жылғы 19 қарашада Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 қазандағы шешіміне сәйкес 7 жыл мерзімге жылдық 13,0% купондық мөлшерлеменен 15 000 000 мың теңге мөлшерінде облигациялар орналастырылды.

«Транстелеком» АҚ ұзақ мерзімді құнның өсуін және қызметтің тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолымен акционерлердің мүдделерін сақтауға ұмтылады. Акционерлердің жалпы жиналысының 2016 жылғы 04 тамыздағы шешімімен дивидендтік саясат бекітілді. «Транстелеком» АҚ дивидендтік саясатының мақсаты «Транстелеком» АҚ мен акционерлердің мүдделерінің теңгерімін, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау кезінде тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының 2023 жылғы 25 шілдедегі шешімімен 2022 жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылданды.

Ірі мәмілелер

2023 жылы «Транстелеком» АҚ бизнестің негізгі бағыттарында жоғары нәтижелер көрсетуді жалғастырды. Компания ұзақ мерзімді шарттар жасасты және «ҚТЖ» ҰК» АҚ негізгі клиентімен және оның еншілес ұйымдарымен кіріс шарттарын ұзартты. Дәстүрлі қызметтер сәтті ұсынылды және IAAS, ақпараттық қауіпсіздік, сандық радио сияқты теміржол саласына жаңа қызметтер енгізілді.

Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарынан түсетін түсімдерге тәуелділікті азайта отырып, кіріс көздерін белсенді түрде саралайтынын атап өту маңызды. Үшінші тараптарға қызметтерді сатудан түскен табыс 2023 жылы 2 млрд теңгеге өсті, бұл клиенттік базаны кеңейту және нарық үлесін ұлғайту жөніндегі Стратегияның табыстылығын растайды. Корпоративтік және мемлекеттік секторларда бизнесті дамыту жөніндегі блок (B2B) телекоммуникациялық инфрақұрылымға техникалық қызмет көрсету және жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асырды, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкі, ҰАТ АҚ, Интергаз Орталық Азия, Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. сияқты клиенттер үшін бұлтты ресурстарды жалға беру және Colocation қызметтерін ұсынды., Қазақмыс корпорациясы және т.б. «Транстелеком» АҚ 1 млн-нан астам қосылған бақылау-кассалық машиналары (БКМ) бар ФДҚ қызметтері нарығының 40% - дан астамын иелене отырып, ФДҚ клиенттерінің саны бойынша екінші болып табылады.

Операторлық бизнесті дамыту шеңберінде Қырғызстанда, Өзбекстанда, Ресейде және Қытайда халықаралық транзит және байланыс арналарын жалға алу нарығындағы позицияларды күшейту. Бизнестің осы сегментіндегі кірістердің өсуі 10%- дан асты. Сондай-ақ, кірістің 34% өсуіне сегментте қол жеткізілді бөлшек сауда бизнесі, онда компания Интернет, телефония және ОТТ қызметтерін ұсынады теледидар.

10,802



«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ
2023 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ПАЙДАСЫ
10,802 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСТЫ.

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы компанияның жоғарғы органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының қызметі «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы 2016 жылғы 4 тамыздағы Ережемен реттеледі, №1 хаттама. Ереже «Транстелеком» акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібін, акционерлердің құқықтары мен міндеттерін, шешімдер қабылдау тәртібін және олардың орындалуын бақылауды айқындайды.

Қоғам барлық акционерлерге тең құқықтар мен әділ көзқарасты қамтамасыз етеді.


Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен және Қоғамның Жарғысымен реттеледі.

Есепті кезеңде қоғамда акционерлердің жалпы жиналысының 4 отырысы өткізілді, онда қоғамның негізгі мәселелері қаралды.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің қызметі

Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Есепті жылы Компанияның Директорлар кеңесінің барлығы 8 отырысы өткізілді, оның 8-і күндізгі, 0-і сырттай дауыс беру түрінде.



2023 жылы «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы туралы ақпарат

№	ТАӘ	Тағайындалған күннен бастап отырыстарға қатысу	%	Кеңес құрамында болу кезеңі есепті кезеңдегі Директорлар
1	Алиев Нурали Рахатович	8-ден 8	100	2023 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
2	Ахметжанов Ануар Муратович	3-тен 3	100	2023 жылғы 25 шілде – 31 желтоқсан
3	Покупателев Дмитрий Александрович	8-ден 8	100	2023 жылғы 25 шілде – 31 желтоқсан
4	Гумаров Эльдар Мухтарович	3-тен 3	100	2023 жылғы 25 шілде – 31 желтоқсан
5	Өтемұрат Берік Мұстайұлы	8-ден 7	91	2023 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
6	Аниховский Вячеслав Анатольевич	3-тен 3	100	2023 жылғы 25 шілде – 31 желтоқсан
7	Ибраимов Галымжан Уалханович	3-тен 3	100	2023 жылғы 25 шілде – 31 желтоқсан

Директорлар кеңесінің аталған отырыстары барысында 65 мәселе қаралды, оның ішінде 65 мәселе – күндізгі отырыстар барысында, 0 – сырттай дауыс беру арқылы.

Төменде Директорлар кеңесі отырыстарының және соңғы 3 жылда қаралған мәселелердің статистикасын көрсететін кесте берілген:

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы сайлайды.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 25 шілдедегі № 33 хаттамасымен Қоғамның директорлар Кеңесінің келесі құрамы бекітілді:

1. **Алиев Нурали Рахатович** – Директорлар кеңесінің төрағасы;
2. **Ахметжанов Ануар Муратович** – Директорлар кеңесінің мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ акционері мүдделерінің өкілі ретінде);

3. **Гумаров Эльдар Мухтарович** – Директорлар кеңесінің мүшесі («Unit Telecom» ЖШС акционері мүдделерінің өкілі ретінде);
4. **Покупателев Дмитрий Александрович** – «Unit Telecom» ЖШС акционері мүдделерінің өкілі ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі);
5. **Өтемұрат Берік Мұстайұлы** – Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;
6. **Аниховский Вячеслав Анатольевич** – Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;
7. **Ибраимов Галымжан Уалханович** – Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің құрамы

2023 жылғы 31 желтоқсанға

№	Директорлар кеңесінің мүшесі	Сайлау күні	Мәртебесі
1	Алиев Нурали Рахатович – Төраға	2019 жылғы 15 қараша	Акционердің өкілі
2	Ахметжанов Ануар Муратович	2023 жылғы 25 шілде	Акционердің өкілі
3	Гумаров Эльдар Мухтарович	2023 жылғы 25 шілде	Акционердің өкілі
4	Покупателев Дмитрий Александрович	2020 жылғы 6 ақпан	Акционердің өкілі
5	Өтемұрат Берік Мұстайұлы	2020 жылғы 6 ақпан	Тәуелсіз директор
6	Аниховский Вячеслав Анатольевич	2023 жылғы 25 шілде	Тәуелсіз директор
7	Ибраимов Галымжан Уалханович	2023 жылғы 25 шілде	Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің сыйақысы

«Транстелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқару кезеңінде Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде олардың функцияларын орындауға байланысты сыйақылар төленеді және шығыстар өтеледі, 2023 жылы төлемдер сомасы 154 956 мың теңгені құрады (2022 жыл: 143 198 мың теңге).

Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің тұрақты тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына шығуға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеледі.

Есепті жылы Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері (жалақының және ақшалай нысандағы көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшері) **223 954 мың теңгені құрады (2022 жыл: 560 955 мың теңге).**

Құндылықтар және этикалық принциптер

ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕ «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҚЫЗМЕТІ ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАТЫН НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕПТІЛІГІ, СЕНІМДІЛІГІ МЕН КӘСІБИЛІГІ, ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ТИІМДІЛІГІ, ӨЗАРА КӨМЕК, БІР-БІРІНЕ, МҮДДЕЛІ ТҮЛҒАЛАРҒА ЖӘНЕ ТҰТАСТАЙ АЛҒАНДА «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ҒА ҚҰРМЕТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

«Транстелеком» АҚ іскерлік этиканың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады:

- адалдық;
- әділдік;
- адалдық;
- ашықтық;
- жауапкершілік.

«Транстелеком» АҚ Іскерлік этика кодексі корпоративтік мәдениетті қалыптастыратын және «Транстелеком» АҚ корпоративтік құндылықтарын бекітетін ішкі нормативтік құжат болып табылады. Кодекс «Транстелеком» АҚ мен оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқының маңызды ережелерін, корпоратившілік қатынастардың этикалық нормаларын, әлеуметтік жауапкершілікті, сондай-ақ корпоративтік басқарудың іскерлік этикасы мәселелерін айқындайды.

Іскерлік этика кодексі корпоративтік басқарудың үздік қазақстандық және шетелдік тәжірибелерінің тәжірибесін ескере отырып, іскерлік этиканың жалпы қабылданған нормалары негізінде әзірленді.

Кодекс «Транстелеком» АҚ-ның барлық қызметкерлері (филиалдардың қызметкерлерін қоса алғанда) және оны басқару органдарының мүшелері үшін міндетті сипатқа ие.

рып, қызметкерлермен қарым-қатынасты құрмет пен ынтымақтастық негізінде орнатады. Бұл қағидаттар қызметкерлерге олардың тиімділігін арттыруға және үлкен кәсіби нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Өнім берушілер мен тұтынушылар

«Транстелеком» АҚ қоршаған ортаның сыртқы факторларын кешенді түрде есепке алмай, «Транстелеком» АҚ-тың ұзақмерзімді табысқа жетуі мүмкін емес. Негізгі сыртқы факторлар қатарына өнім берушілер мен тұтынушылардың тұрақты дамуы жатады.

«Транстелеком» АҚ – сенімді әрі адал серіктес және өнім берушілер мен тұтынушылар алдындағы өз міндеттемелерін уақытылы орындайды. «Транстелеком» АҚ айқындық, адал бәсекелестік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын ұстанады. «Транстелеком» АҚ бәсекелестіктің жосықсыз әдістерін қабылдамайды және сөз байласуға қатыспайды. «Транстелеком» АҚ ұзақмерзімді іскерлік ынтымақтастықты көздейді, сұхбатқа дайын бола отырып және екінші тараптың ұстанымын ескере отырып, өз серіктестеріне барлық қажетті ақпаратты ұсынады.

ҚР Мемлекеттік стандарттарына және Корпоративтік стандарттау жүйесінің стандарттарына сай «Транстелеком» АҚ-та қызмет көрсету сапасына үнемі бақылау жүргізіледі.

Мемлекеттік органдар

«Транстелеком» АҚ жауапкершілік, адалдық және өзара мүдделерді сақтау қағидаттарына негізделген мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен тұрақты және сындарлы қарым-қатынастарды құруға және қолдауға тырысады. «Транстелеком» АҚ заңдарға және басқа да

нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі комитеттер мен жұмыс топтарына белсенді түрде қатысады.

«Транстелеком» АҚ саяси партиялар мен саяси қайраткерлерді қолдамайды; «Транстелеком» АҚ-тың елдің әл-ауқатына қосатын ерікті үлесі заңнамалық минимумнан басқа, ауқымды қайырымдылық және демеушілік қызметтен тұрады.

Жергілікті қоғамдастықтар

Жергілікті қоғамдастықтар орта қалыптастыра отырып және «Транстелеком» АҚ үшін негізгі ресурстар көзі бола отырып, «Транстелеком» АҚ-қа айтарлықтай әсер етеді.

«Транстелеком» АҚ жергілікті қоғамдастықтар үшін білім беруге, жұмыс орындарын қамтамасыз етуге, мәдени іс-шаралар өткізуге, денсаулық сақтауды қолдауға, инфрақұрылымды дамытуға, өңірлерді абаттандыруға және көгалдандыруға байланысты бірқатар жобаны іске асырады. «Транстелеком» АҚ үшін жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл – қатысу аймақтарындағы атмосфера мен психологиялық климатқа оң әсер ететін жүйелі қызмет.

2023 жылы «Транстелеком» АҚ-тағы бос жұмыс орындарына қызметкерлер 100 % жергілікті тұрғындар қатарынан алынды.

БАҚ

Ақпаратты ашу қағидаларын сақтай отырып, «Транстелеком» АҚ айқындықтың жоғары дәрежеде болуын, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен сындарлы сұхбатты қолдайды, баспасөз конференцияларын ұдайы өткізеді және республикалық басылымдарда жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есеп береді.

Барынша көп мүдделі тұлға ала алатын ақпаратты таратудың ең маңызды арнасы – «Транстелеком» АҚ ресми веб-сайты (www.ttc.kz), атап айтқанда, вебсайттың «Компания туралы» деген бөлімі. Бұл ресурстарда «Транстелеком» АҚ-тың соңғы жаңалықтарымен, қаржылық және өндірістік көрсеткіштермен, есептілігімен және «Транстелеком» АҚ қызметі туралы басқа да пайдалы ақпаратпен, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ басқару және бақылау органдарының қызметін реттейтін құжаттармен, мысалы: Жарғымен, Директорлар кеңесі туралы ережемен, Басқарма туралы ережемен танысуға болады. Ақпаратты барлық мүдделі тұлғаның бірдей алу мүмкіндігі қағидатын ұстана отырып, «Транстелеком» АҚ ресми веб-сайтта орналастырылатын ақпаратты үш тілде: орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жариялайды.

Таңдалған маңызды тақырыптар тізімі

Экономика
Экономикалық нәтижелілік
Сатып алу тәжірибесі
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Экология
Энергия
Эмиссиялар
«Транстелеком» АҚ
Жұмыспен қамту
Еңбекті қорғау
Тренингтер және оқыту
Өртүрлілік және тең мүмкіндіктер

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Есепте келтірілген, болашаққа қатысты деректер болжамды сипаттағы ақпаратқа негізделген. «Есептейді», «болжайды», «күтеді», «бағалайды» «ниетті» сияқты сөздер; «жоспар» деп белгіленген көрсеткіштер және оларға ұқсас жазбалар бұл жағдайда болжалды мәлімдеме туралы айтып отырғанын көрсетеді. Нақты нәтижелер болжалды мәлімдемелерде жазылған жоспарлы және мақсатты көрсеткіштерден, күтілетін нәтижеден, берілген бағадан және ниеттен айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

Болжалды мәлімдемелер Есеп шыққан күні ғана жарамды. «Транстелеком» АҚ болжалды мәлімдемелерде жазылған күтілетін қызмет нәтижелеріне іс жүзінде қол жеткізілетініне кепілдік бермейді, сондықтан оларды ең ықтимал және үлгілік сценарий ретінде қарастырмау керек және қарастыруға болмайды.

Растама

Жылдық есептерді дайындау «Транстелеком» АҚ ақпараттық айқындығын арттыру үшін ғана маңызды рөл атқармайды, сонымен қатар ішкі бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

2-қосымша.

GRI стандарт элементтерінің кестесі

«Транстелеком» АҚ 2023 жылғы GRI стандарттарына сәйкес есеп дайындады

GRI 1: Негіздер 2021

Қолдану туралы мәлімдеме

GRI 1 қолдану

Қолданылатын салалық стандарт

Қолданылмайды

GRI стандарты	Ашу	Бөлім	Ерекшелік			Салалық стандарттағы №
			Көрсеткіш	Себебі	Түсіндірме	
Жалпы ашулар						
GRI 2 Жалпы ашулар 2021	2-1 Ұйым профилі	Компания туралы мәлімет				
	2-2 Есепке енгізілген ұйымдар	Компания туралы мәлімет				
	2-3 Есепті кезең	Есеп туралы				
	2-4 Есеп берудегі өзгерістер	Есеп туралы				
	2-5 Сыртқы кепілдік	Есеп туралы				
	2-6 Операциялар, құн тізбегі және басқа қатынастар	Бизнес моделі				
	2-7 Жұмысшылар	Персонал құрамы				
	2-8 Штаттан тыс жұмысшылар	Персонал құрамы				
	2-9 Корпоративтік басқару құрылымы мен құрамы	Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы				
	2-10 Жоғары басқару органдарын тағайындау	Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру				
	2-11 Жоғары басқару органының басшысы	Директорлар кеңесінің құрамы				
	2-12 Ұйымның әсерін қадағалаудағы жоғары басшылықтың рөлі	Тұрақты даму				
	2-13 Тұрақты даму саласындағы өкілеттіктерді беру	Тұрақты даму				
	2-14 Тұрақты даму бойынша есеп берудегі жоғары басқару органдарының рөлі	Тұрақты даму				
	2-15 Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысын шешу				
	2-16 Хабарламалар мен шағымдар	Шағымдар мен апелляциялар				
	2-17 УР бойынша жоғары басқару органдарының құзыреттерін дамыту	Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру				
	2-18 Жоғары басқару органдарының қызметін бағалау	Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалау				

	2-19 Сыйақы саясаты	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы; Басқарма мүшелерінің сыйақысы		
	2-20 Сыйлықты анықтау процесі	Басқарма мүшелерінің сыйақысы		
	2-21 Салыстырмалы өтемақы көрсеткіштері	Басқарма мүшелерінің сыйақысы		
	2-22 Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Тұрақты даму		
	2-23 Жауапты іскерлік тәжірибелер саясаты	Құндылықтар мен этикалық принциптер		
	2-24 Саясаттың орындалуы	Құндылықтар мен этикалық принциптер		
	2-25 Теріс әсерлерді жою процестері	Тәуекелдерді басқару		
	2-26 Іскерлік тәжірибелер бойынша кеңес беру және өтініш беру механизмдері	-	Қолданыл- майды	Қазіргі уақыт- та компанияда өтініш беру механизмдері жоқ
	2-27 Заңдар мен ережелерді сақтау	Нормативтік ортаны шолу		
	2-28 Бірлестіктерге мүшелік	Жарғылар мен бірлестіктерге қатысу		
	2-29 Мүдделі тараптарды тарту тәсілі	Мүдделі тараптарды тарту		
	2-30 Ұжымдық шарттар	Әлеуметтік саясат		
Маңызды тақырыптар				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-1 Маңызды тақырыптарды анықтау процесі	Есеп туралы		
	3-2 Маңызды тақырыптардың тізімі	Есеп туралы		
Экономикалық тиімділік				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Тұрақты даму		
GRI 201 Экономикалық тиімділік 2016	201-1 Құрылған және бөлінген экономикалық құн	Тұрақты даму		
Сатып алу тәжірибесі				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Сатып алуды ұйымдастыру		
GRI 204 Сатып алу тәжірибесі 2021	204-1 Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі	Сатып алуды ұйымдастыру		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		
GRI 205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес 2016	205-1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағаланған операциялар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		
	205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер бойынша коммуникациялар және оқыту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		
	205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		

Энергия				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару			Қолданылмайды
GRI 302 Энергия 2016	302-1 Ұйым ішіндегі отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну			Қолданылмайды
	302-4 Энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту			Қолданылмайды
Эмиссиялар				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару		Қоршаған ортаны қорғау	
GRI 305 Эмиссиялар 2016	305-1 Парниктік газдардың тікелей эмиссиялары (1 Қамту)		Қоршаған ортаны қорғау	
	305-7 Атмосфераға басқа да елеулі шығарындылар		Қоршаған ортаны қорғау	
Жұмыспен қамту				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару		Персонал құрамы	
GRI 401 Жұмыспен қамту 2016	401-1 Жалданған қызметкерлер және қызметкерлердің ауысуы		Персонал құрамы	
	401-3 Ата-ана демалысы		Әлеуметтік саясат	
Еңбекті қорғау				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару		Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
GRI 403 Еңбекті қорғау 2018	403-1 Еңбекті қорғау жүйелері		Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-2: Қауіпті анықтау, хабарлау және оқиғаны зерттеу		Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-3: Еңбекті қорғау қызметтері		Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-4: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша жұмысшылардың қатысуы, кеңес беруі және ақпарат алмасуы		Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-5: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша қызметкерлерді оқыту		Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-6: Қызметкерлердің денсаулығын қолдау		Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-7: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік зардаптарының алдын алу және азайту		Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-9: Өндірістік жарақаттар		Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
Оқыту				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару		Қызметкерлерді оқыту	
GRI 404 Тренингтер және оқыту 2016	404-1 Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны		Қызметкерлерді оқыту	
	404-2 Біліктілікті арттыру бағдарламалары		Қызметкерлерді оқыту	
	404-3 Тұрақты жұмыс нәтижелеріне шолулар алатын қызметкерлердің пайызы		Қызметкерлерді оқыту	
Тең мансаптық мүмкіндіктер				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару		Персонал құрамы	
GRI 405 Әртүрлілік және тең мансаптық мүмкіндіктер 2016	405-1 Басқарудағы және кадрлық құрылымдағы әртүрлілік		Персонал құрамы	
	405-2 Әйелдер сыйақысының ерлердің сыйақысына қатынасы		Персонал құрамы	
Компания үшін маңызды емес деп танылған сала үшін маңызды тақырыптар				Қолданылмайды

3-қосымша. Қаржылық есептілік

Қаржы есептемесін жасау және бекіту жауапкершілігі туралы басшылықтың мәлімдемесі

БАСШЫЛЫҚ «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ («КОМПАНИЯ») 2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙынША ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ШЫНАЙЫ КӨРСЕТЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУДІ ДАЙЫНДАУҒА, СОНДАЙ-АҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫНА («ХҚЕС») СӘЙКЕС СОЛ УАҚЫТТА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ, АҚША АҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ЖАУАПТЫ.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналар үшін жауапты:

- Есеп саясатын дұрыс таңдауды және принциптерін қолдануды қамтамасыз ету;
- Ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығын және түсінікті болуын қамтамасыз ететін нысанда ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын сақтау қаржылық есептілікті пайдаланушыларға белгілі бір операциялардың, басқа оқиғалардың немесе жағдайлардың компанияның қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсерін түсінуге мүмкіндік беру үшін жеткіліксіз болған кезде қосымша ақпаратты ашуды қамтамасыз ету; және
- Компанияның жақын болашақта жұмысын жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сонымен қатар мыналар үшін жауапты:

- Компанияда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге компанияның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдіктегі ақпаратты беруге және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есепке алуды жүргізу;
- ХҚЕС және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды шараларды қабылдау; және
- Қаржылық және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д. лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

TOO «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Essential Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 61
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Транстелеком» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

Пікір

Біз «Транстелеком» акционерлік қоғамның (бұдан әрі - «Ұйым») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұйымның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бұхгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бұхгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Ұйымға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің басты мәселесі

Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды

Түсімді мойындау

3-ескертпеде көрсетілгендей, Ұйымның АТ қызметтерін көрсетуді, телекоммуникациялық қызметтерден түсетін түсімді, жалға беруден түсетін түсімді және құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау бойынша ұзақ мерзімді жобаларды іске асыруды қоса алғанда, әртүрлі кіріс көздері бар. Ұйым бір мәміле тауарлардың жеткізілуін және қызметтердің көрсетілуін қамти алғанда, сатып алушылармен орындалуға жататын бірнеше міндетті қамтитын шарттарды жасайды.

Ұйым шартқа сай орындалуға жататын міндеттемені орындаған кезде түсім танылады. Шарттық талаптардың көптігі мен әр алуандығы, баға белгілеудің түрлі элементтері мен түсім басшылықтың жосықсыз әрекеттерінің салдарынан бұрмалануы мүмкін екендігі тәуекелі салдарынан түсімнің танылуы күрделі деп саналады және Басшылықтың айтарлықтай пайымдауларын қажет етеді.

Сонымен қатар телекоммуникациялық қызметтерді көрсетуден түскен түсімді танумен және бағалаумен байланысты едәуір бұрмалану тәуекелі бар, өйткені Ұйым пайдаланатын биллинг жүйелері күрделі болып табылады.

Түсімнің түрлі ағындарын тану процесі туралы түсінікке ие болдық.

Біз орындалған жұмыс актісінде көрсетілген бақылаудың берілу күнін түсім танылған күнмен салыстырдық. Біз орындалған жұмыс актілеріндегі сомаларды кезең ішінде танылған түсім сомаларымен салыстырдық. Біз шарттардың күнін танылған түсім сомасымен салыстырдық. Біз шарттарда орындалуға жататын түрлі міндеттер арасында түсімнің қалай бөлінетіндігін тестіледік.

Біз, түсімнің ай сайынғы талдауы мен түсімнің негізгі көрсеткіштеріндегі өзгерістердің талдауын қоса алғанда, талдау рәсімдерін орындадық, қаржылық ақпараттағы трендтерді қаржылық емес ақпараттағы трендтермен салыстырдық. Сондай-ақ біз түсімді танудың уақтылығын бағаладық.

Біз тиісті АТ жүйелері мен ішкі бақылау құралдарының дизайнын қарастырдық және биллинг жүйелерінде түсім бойынша деректерді жинауда және операцияларды есепке алуда ішкі бақылау құралдарының операциялық тиімділігін тестіледік; биллинг жүйесінде қолданылған тарифтік мөлшерлемелердің шарт талаптарына сәйкестігі; және клиенттерге көрсетілген телекоммуникациялық қызметтерден түскен түсім сомаларын есептедік.



Сондай-ақ, Ұйым атқару міндетінің орындалу дәрежесін бағалау негізінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау жөніндегі ұзақ мерзімді жобаларды іске асырудан түскен түсімді таниды, бұнда оны анықтау үшін Ұйым басшылығы жалпы түсімді және ұзақ мерзімді жобаны іске асыруға жұмсалатын шығындарды болжауды және шарттар бойынша түсімнің жалпы сомасын пайдалану міндеттеріне бөлуді білдіретін ресурстар әдісін пайдаланады.

Осылайша, біз бұл мәселені аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі ретінде айқындадық.

Түсімді тану және Басшылық қолданған пайымдаулар бойынша есеп саясатына қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуі қаржылық есептіліктің 3 және 4-ескертпелеріне қосылған. Түсім туралы ақпарат қаржылық есептіліктің 21-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

Маңызды жағдайлар

Біз қаржылық есептіліктің 26-ескертпесіне назарыңызды аудартамыз, онда Ұйымның байланысты тараптармен жасалған операцияларының едәуір көлемі сипатталған. Біз осы мәселеге орай түрлендірілген пікірімізді білдіріп отырған жоқпыз.

Ұйымның 2023 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Ұйымның 2023 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті Басшылық көтереді. Ұйымның 2023 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Біз жобаларды аяқтауға, жобаларды аяқтау пайызына, жоспарды түсім, сол сияқты шығыстар бойынша іс жүзіндегі деректермен салыстыруға, сондай-ақ шығынды жобалар бойынша келешек шығындар резервтеріне болжамды залалдарды айқындау кезінде басшылықтың жорамалдарын бағаладық. Біз ұзақ мерзімді жобалардың аяқталу дәрежесін бағалау үшін негізгі шарттардың талаптары мен болған шығындарды зерделедік.

Біз түсімнің тиісті кезеңде танылатындығын анықтау үшін жыл соңына дейін және кейін тікелей танылған түсімді сараладық.

Біз Ұйым таңдаған және қолданатын түсімді тануға қатысты есеп саясатына және 15 ХҚЕС-тің талаптарын ескере отырып түсімге қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Біз қаржылық есептіліктің 21-ескертпесінде ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.



Басшылықтың және Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Ұйымды таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Ұйымның жекелеген қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;



Building a better
working world

- Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;

Біз Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



Building a better
working world

Біз Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер, - Адиль Сыздықов.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Адиль Сыздықов
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№МФ-0000172 біліктілік куәлігі



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия сериясы МФЮ - 2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігімен 2005 жылы
15 шілдеде берілді

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әль-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2024 жылғы 25 сәуір

Қаржының жай-күйі туралы есептеме

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгеде

	Ескертпе	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі қаражаттар	5	136.326.009	151.255.483
Берілген ұзақ мерзімді алғытөлемдер	7	4.401.501	4.942.449
Бейматериалдық активтер	6	4.910.563	5.679.558
Басқа айналымнан тыс активтер	8	267.011	276.452
		145.905.084	162.153.942
Айналым активтері			
Тауар-материалдық босалқы қорлар	11	7.094.098	5.839.892
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі	26	8.968.981	13.469.365
Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі	9	8.236.444	9.288.857
Шарттар бойынша активтер	9	3.407.428	3.055.691
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		2.825.671	196.428
Басқа айналым активтері	10	6.367.675	7.651.925
Берілген алғытөлемдер	7	1.020.105	3.103.149
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	12	6.336.198	15.278.187
		44.256.600	57.883.494
Активтер жиыны		190.161.684	220.037.436
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Акционерлік капитал	13	12.241.487	12.241.487
Бөлінбеген пайда		23.327.373	12.525.168
		35.568.860	24.766.655
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	–	2.811.537
Шығарылған облигациялар	15	22.286.506	14.748.188
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	367.520	913.666
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер		580.855	626.978

Сауда кредиторлық берешек	18	10.992.015	30.333.287
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	17	1.037.338	1.157.331
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	20	6.814.952	4.373.858
		42.079.186	54.964.845
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	1.498.746	34.412.771
Шығарылған облигациялар	15	659.086	10.157.678
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	268.195	435.691
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер		76.417	81.237
Сауда кредиторлық берешек	18	79.674.076	85.588.293
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	17	21.038.720	7.681.083
Төлеуге салынатын салықтар және өзге де міндетті төлемдер		3.127.481	403.264
Бағалау міндеттемелері	19	413.252	–
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер	19	5.757.665	1.545.919
		112.513.638	140.305.936
Міндеттемелердің жиыны		154.592.824	195.270.781
Капитал және міндеттемелер жиыны		190.161.684	220.037.436

Жиынтық табыс туралы есептеме

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгеде	Ескертпе	2023 жыл	2022 жыл
Жалпы пайда			
Ақшалай түсім	21	78.787.733	81.535.010
Операциялық жалдау табыстары	21	146.401	127.768
Өзіндік құн	22	(67.707.245)	(67.344.354)
Жалпы пайда		11.226.889	14.318.424
Негізгі қызметтен түскен пайда			
Жалпы және әкімшілік шығыстар	23	(6.492.879)	(8.017.666)
Негізгі қызметтен түскен пайда		4.734.010	6.300.758
Салық салуға дейінгі пайда/(шығын)			
Қаржылық табыстар	24	5.949.281	13.862.513
Қаржылық шығыстар	25	(12.430.505)	(15.548.436)
Бағам айырмасынан пайда/(шығын)		14.078.477	(17.946.745)
Басқа табыстар /(шығыстар), таза		580.935	171.246
Салық салуға дейінгі пайда/(шығын)		12.912.198	(13.160.664)
Бір жылдағы пайда/(шығын)			
(Шығындар) / табыс салығы бойынша үнем	20	(2.193.043)	2.031.912
Бір жылдағы пайда/(шығын)		10.719.155	(11.128.752)
Басқа жиынтық табыс			
Кезектегі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта сыныпталмайтын басқа жиынтық табыс сомалары (салықтарды шегергенде):			
Қызметкерлердің ұзақ мерзімді сыйақылары бойынша жоспарларды қайта бағалаудан түскен пайда		83.050	29.340
Кезектегі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта сыныпталмайтын таза өзге де жиынтық табыс		83.050	29.340
Салықтарды шегергендегі жыл ішіндегі өзге де жиынтық табыс		83.050	29.340
Салықтарды шегергендегі жыл ішіндегі жиынтық табыс/(шығын) жиыны		10.802.205	(11.099.412)
Акцияға шаққандағы пайда/(шығын)			
Бас компанияның жай акцияларын ұстаушыларға тиесілі бір жылдағы негізгі және бытыраңқы пайда/(шығын) (теңгеде)	13	1.901,20	(1.973,85)

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептеме

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

В тысячах теңге	Акционерлік капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2022 жылғы 1 қаңтарда			
Бір жылдағы шығын	-	(11.128.752)	(11.128.752)
Жыл ішіндегі басқа жиынтық табыс табыс салығын шегергенде	-	29.340	29.340
Бір жылдағы жиынтық шығынның жиыны	-	(11.099.412)	(11.099.412)
2022 жылғы 31 желтоқсанда	12.241.487	12.525.168	24.766.655
2023 жылғы 31 желтоқсанда			
Бір жылдағы пайда	-	10.719.155	10.719.155
Жыл ішіндегі басқа жиынтық табыс табыс салығын шегергенде	-	83.050	83.050
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны	-	10.802.205	10.802.205
2023 жылғы 31 желтоқсанда	12.241.487	23.327.373	35.568.860

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгеде	Ескертпе	2023 жыл	2022 жыл *
Операциялық әрекеттен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Салық салуға дейінгі пайда / (шығын)		12.912.198	(13.160.664)
Түзетулер:			
Өтемпұл	22, 23	13.913.881	14.341.885
Қаржы шығыстар	25	12.430.505	15.548.436
Қаржы табыстар	24	(5.949.281)	(13.862.513)
Тауар-материалдық босалқы қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару / (қалпына келтіру)	23	(120.057)	149.964
Берілген, өзге де қысқа мерзімді активтердің алғытөлемдерінің құнсыздануына қорды есептеу / (қалпына келтіру)	23	60.856	24.705
Негізгі қаражаттар мен бейматериалдық активтердің шығуынан болған шығын / (табыс)		(356.480)	173.903
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер бойынша шығыстар		122.504	96.127
Бағам айырмасынан (пайда)/шығын		(14.078.756)	17.946.745
Жетекші қызметкерлерге сыйақы бойынша қорды есептеу/(қалпына келтіру)	23	-	(102.976)
Дебиторлық қарызға күтілетін кредиттік залалдар үшін қорды есептеу/(қалпына келтіру)	23	(365.090)	(397.334)
Басқа ұзақ мерзімді активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға қорды есептеу/(қалпына келтіру)	23	22	40
Бағалау міндеттемелерін тану	19	4.757.528	-
Ақшалай қаражатқа және олардың баламаларына күтілетін кредиттік залалдарға қорды есептеу/(қалпына келтіру)		(161.788)	142.156
Операциялық әрекеттен айналым капиталындағы және басқа баптардағы өзгерістерге дейінгі ақшалай қаражаттың қозғалысы		23.166.042	20.900.474
Айналым капиталындағы және басқа баптардағы өзгерістер			
Сауда дебиторлық қарыздың өзгеруі		5.228.761	(3.915.271)
Тауар-материалдық босалқы қорлардың өзгеруі		(1.745.385)	(3.635.317)
Берілген алғытөлемдердің өзгеруі		2.049.530	(370.633)
Басқа қысқа мерзімді активтердің өзгеруі		1.920.713	1.401.772
Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі		(1.055.843)	16.547.786
Салықтарды төлеуге және басқа да міндетті төлемдердің өзгеруі		2.724.216	590.069
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердің өзгеруі		1.230.589	6.248.071
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелердің өзгеруі		(132.770)	(653.264)
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелердің өзгеруі		(90.397)	(90.087)
Операциялық әрекеттен алынған ақшалай қаражат		33.295.456	37.023.600

Алынған пайыздар	24	1.032.308	895.207
Қарыздар бойынша төленген пайыздар	27	(2.820.015)	(4.221.516)
Жалдау міндеттемелері бойынша төленген пайыздар	27	(106.111)	(1.398)
Облигациялар бойынша төленген купондық сыйақы	27	(2.985.098)	(3.100.100)
Төленген табыс салығы		(2.381.192)	(194.655)
Операциялық әрекеттен алынған таза ақшалай қаражат		26.035.348	30.401.138

Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Негізгі қаражаттар мен бейматериалдық активтерді сатып алу, сондай-ақ ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға алғытөлемдерді төлеу		(4.993.458)	(21.248.812)
Негізгі қаражаттар мен бейматериалдық активтердің шығуынан түсетін түсімдер		19.252.683	-
Жалдау бойынша ақшалай қаражатты алу		-	221.910
Инвестициялық қызметте / (пайдаланылған) алынған таза ақшалай қаражаттар		14.259.225	(21.026.902)

Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттарының қозғалысы			
Қарыздарды өтеу	27	(35.081.453)	(9.362.542)
Қарыздарды алу	27	-	12.425.962
Облигацияларды шығару	27	-	29
Шығарылған облигацияларды өтеу	27	(2.000.779)	
Төленген дивидендтер	13	-	(2.469.517)
Бөліп төлеумен сатып алынған активтерге қатысты кредиторлық берешекті өтеу		(12.060.084)	
Жалдау бойынша міндеттемелердің негізгі сомасын өтеу	27	(278.657)	(473.283)
Қаржы қызметінен / (пайдаланылған) алынған таза ақшалай қаражаттар		(49.420.973)	120.649
Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларының таза өзгеруі		(9.126.400)	9.494.885

Шетел валютасы бағамының өзгеруінің ақшалай қаражаттарының қалдығына және олардың шетел валютасындағы баламаларына әсері		22.623	(962.791)
Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған қордағы өзгеруі		161.788	(142.156)
Жыл басына ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары		15.278.187	6.888.249
Жыл соңына ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары	12	6.336.198	15.278.187

* Осы бағанда көрсетілген кейбір сомалар 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың қаржылық есептемесіне сәйкес келмейді, өйткені олар ағымдағы жылдың таныстырылымына сәйкес келетін қайта сыныптау түзетулерін көрсетеді.

Глоссарий

ААҚ	Ашық акционерлік қоғам
АБЖ	Автоматтандырылған басқару жүйесі
АҚБЖ	Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
АТС	Автоматты телефон станциясы
БКМ	Бақылау-касса машинасы
БЦП	Бірыңғай цифрлық платформа
ДӨО	Деректерді өңдеу орталығы
ЖІІЖ	Жедел іздестіру іс-шараларының жүйесі
КҚЖ	Кабельдік құрылысжайлар желілері
КҚМ	Кеңжолақты қосылу мүмкіндігі
КПТЖ	Көпшілік пайдаланатын телекоммуникация желісі
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіштері
ҚОТЖ	Қашықтан оқыту және тестілеу жүйесі
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ
МКК	Мемлекеттік кірістер комитеті
НААА	Нөмірді автоматты түрде анықтау аппаратурасы
РМК	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ТОБЖ	Талшықты-оптикалық байланыс желілері
«Транстелеком» АҚ	«Транстелеком» акционерлік қоғамы
ФДО	Фискалдық деректер операторы
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ЦДИЖАӨМ	Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ЭДТ АБЖ	«Энергиядиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі
ЭкМЖ	Экологиялық менеджмент жүйесі
ЭнМЖ	Энергетикалық менеджмент жүйесі
ARPU	Бір пайдаланушыға шаққандағы орташа түсім
HW	Hardware
LTE	Мобильді телефондар мен деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдарға арналған деректерді сымсыз жоғары жылдамдықпен беру стандарты
M2M	Машина мен машинаның өзара әрекеттесуі
MPLS	Өнімділігі жоғары телекоммуникация желісіндегі деректерді желінің бір торабынан екіншісіне таңбалар арқылы беретін механизм
SLA	Қызмет көрсету деңгейі туралы келісім
VPN	Virtual Private Network

Байланыс ақпараты

Осы есепте ұсынылған

ақпарат бойынша барлық қызықтыратын

сұрақ бойынша мына мекенжайға

хабарласуыңызды сұраймыз:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Д. Қонаев к-сі,
10-үй, 23-қабат

Өзгерістерді басқару

және қоғамдық қатынастар

бөлімі

Тел.: +7 (7172) 610-634

E-mail: org@ttc.kz

Жылдық есепте берілген ақпаратты пайдаланған кезде оған міндетті түрде сілтеме жасалуға тиіс.

Тіркеуші туралы

ақпарат

Толық атауы: «Орталық бағалы қағаздар депозитарийі» акционерлік қоғамы.

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., «Самал-1» ықш.ауд., 28-ғимарат

Тел.: +7 (727) 262-08-46

Факс: +7 (727) 355-47-60

E-mail: kacd@kacd.kz

Жедел желі телефоны:
8 800 080 86 68 (ҚР бойынша қалалық және ұялы телефондардан қоңырау шалу тегін)